

*Moyayb3*



Тұрсынбек  
КӘКІШҰЛЫ

## Азапты абырой



**ХХ ғасырдың ортасы ауа бергенде «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәүіріндегі идеялық-творчестволяқ мәселелер» (1917–1929 ж.ж.) деген тақырыпта жазылған кандидаттық диссертациямды қорғағ кезінде көрген теперішімді архивімде жатқан қолжазбам есіме түсіріп, біраз хикаяны айтуга мәжбүрлен отыр. Совет заманында Алаш қозғалысына, оның ақын-жазушыларына бағланысты ой-пікір, жанды сөзді айттып-жазудың қынын болғандығына нақты тарихи дерек болсын, екіншіден, басқа халық өкілдеріне сілтей салмай-ақ, өзіміздің бір-бірімізге қанышалықты «мейірбанды достық» концептіндің кеңдігін көрсету арқылы кейінгі ұриаққа гибрат болар мысал етсем деген ой билеп, қалам жебеуге ниеттендім. Шындық шіркін қанша айтуга мұрсат берсе, соңшалықты сілтермін. Бірауыз отірік қоссам жазамды Құдай тағала берсін, ал қазір дүниеде жоқ кейірір ағаларымның әруақтары кешірер, ойткени олардың есімінсіз сөзіміз жансыз болып шыгады гой.**



Медиа мұра

Менің диссертацияма екінші оппонент болған атақты сыншы, өмір мен үкіметтің теперішін басынан біраз кешірген академик Мұхаметжан Қаратаев 1960 жылы 3 ақпанда Қазақ ССР Ғылым академиясының гуманитарлық саладағы біріккен кеңесінде «Бұл диссертация сөз жоқ үлкен еңбек, көп оқудың, ұзақ зерттеудің жемісі. Мұндай қомақты да құнарлы еңбек ғалымға тән талап, іздентіштік, төзімділік тәрізді қасиет бар жердеған тузы мүмкін. Кәкішев жолдас нағыз ғалымдық, зерттеңімпаздық қабілеттің танытып, өте бір маңызды жұмыс істеп шыққан.

Бұл дәүірдің арнаулы зерттеушісі де болмаған, оның фактыларын қазбалап іздеуге ешкімнің де батылы бармаған. Соңдықтан да жиырмасыншы жылдардағы әдебиет даму процесіне арналған еңбектер жоқтың қасы болатын. Оқулық болсын, бірнешаран монографиялық еңбек болсын, бұл дәүірге келгенде аятын андалап басып, қауіпсіз жерлермен сырғытып отетін. Осы себептермен қазақ совет әдебиетінің алғашқы

калыптасу дәүіріндегі ағымдар мен тартыстар, идеялық, творчестволық сарындар, көркемдік әдістер мен тәсілдер деген мәселелер ашылмай, қазақ әдебиеттану ғылыминың бұл бір ойсырап келген олқы саласы болатын. Талқыға түсіп отырған диссертацияны осы олқылықты толықтыру жөніндегі тұңғыш қадамның бірі деп айта аламыз. Сол дәүірдің рухына бөлеп көп нәрсөн көзіне елестетеді, көп ескірген фактыларды жаңғыртады» деп 1959 жылы 20 желтоқсанда жазған пікірін оқып беріп еді. Тәуелсіздік келгеннен бергі мақалалар мен еңбектерде осы кезеңнің шындығын өбден зерттеп, оның қының өткелдерінен терлемей өткендей, Алаш қайраткерлері құшақтасып жүргендей, олардың атына еш уақытта тас лақтырып көрмегендей, коммунистік идеологияның айтқанын тыңдамай, адаптацияның жазатын құрдастарым мен інілерімді көргенде не дерімді білмей жерге қарайтын болдым. Бұрынғысын еске түсірейін десең, естітін құлақ болғанмен, ұла қоятын сұхыпты жоқтығын көріп, іштен тынасын.

Бірден шығандатып бастауыма таң қалмақыздар. Мен өзіме тиістіні 1988 жылғы «Қағидаға айналған қателер түзелсе» немесе 1992 жылғы «Санадагы жаралар» деген публицистикалық кітабымда ашық жазғанмын. 1995 жылғы «Жайып салсам жан сырын» деген мақаламда советтік дәүірде артық айтып-жазғандардың ішінде болғанымды жасырган емеспін. «Егер мениң еңбектерімде идеялық-өнерпаздық мәселелерге коммунистік тұрғыдан қарауым бірқыдыру басым жататын болса, оны заңды деп білемін. Осы күні кейіреулер «Саясаттан іргемді алыс салып, саналы түрде сақтанып едім» деп «қөкүлері» қып-қызыл өтірік» («Толғам» 2004. 8-бет) немесе «Саяси жағына келгендеге Сәкенде шын ниетімізben көш бастаушымыз ретінде колендетіп. Мағжанды ата жауымыздай қарама-қарсы қойғанымыз тағы шын. Ол процесс Сәкен, Илияс, Бейімбет жынырма жылдан кейін, 1957 жылы оралғанин кейін тіпті күшейіп, қатты бүрмаланды. Өз құрбыларымның ішінде көбірек кеуделегені мен болып қалуым гажап емес. Біреуден кешірім сұрап, жауапкершілігіндегі жеңілдегейін деп айтып отырған жоқпын. «Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болу піғылы» маган жат. Сол кезде жазғандарымның бәріне жауап беруге бүгін даярмын. Артық сілтегендерімді 1987 жылдан бері айтып-жазып келемін. Бұрынғыларымнан бездім деген сөзді әсте де айтпаймын» («Мағжан-Сәкен» 1999. 5-6 беттер).

Мұндай кіріспе жазу қажет, өйткені кейінгі әңгіме негізінен алаш қайраткерлеріне, әсірсесе Мағжанға байланысты өрбитін болғандықтан, әдейі шығандатып отырмын.

Жасыратыны жоқ, совет дәүірінде ақын-жазушы, тарихши, ғалымдарда «ішкі цензура» яғни әрбір автор осы ойымды қалың қауымнан ғөрі төрелер, шенеуніктер қалай түсінер екен деп қауіптеніп, сөзіміздің саяси астарына шам жағып қарайтынбыз, жалтақтап жазатынбыз. Ал совет заманында фашистерден де қорқынышты болған алашшыларды ауызға алғанда қара бояуды қалың жағып, даттау сөзін бұрқыратып едік. Сондай тәсілді диссертациямда едәуір қолданыппын. Жетекшім Есмағамбет Үсмайлов айтты ма, әлде атын атаса, өлеңін келтірсе «объективная пропаганда» болады дегенді 1957 жылы партия тарихы институтының, 1959 жылы мамыр айында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының партия жиналыстарында естіп, талқыға түскендіктен бе, әйтеуір дайын тұрған, енді қол тиғізуге болмайтын диссертацияның бірнеше бетін жыртып, білдіртпей желімдеп қойыппын. Сол жыртып алынған беттерді лақтырып тастамай, өзімде қалатын данасының мұқабасына қыстырып қойыппын. Міне осы беттер көптен бері көкейде жүрген ойды жарыққа шығаруға себепші болып отыр. Енді сол беттердің үтірін өзгертуіп, түгел келтірейін.

«Октябрь революциясының ұлы идеясын қабылдагандар еңбекші халықтың тілегін жырласа, қазақ халқын қанаушы таптың тепкісінде қалдырығысы келген, пантюркизм идеясын жырлаган, өлім күйін шерткен алашордашыл, ұлтшыл ақын-жазушылар жаңа өмір құруға ұмтылған еңбекшілерді:

*Шірік жүрек сасықтар  
Арамдыққа асықтар.  
Жемілді, жетіні мұратқа.*

*Қыбырлаган қоңыздар,  
Қорсылдаған доңыздар –  
Тілегің болды қуан, күл, –*

деп тілдеді. Олар совет өкіметіне қарсы қару алғып құресті, бірақ тас-талқаны шығып жеңілді. Еңбекшілер мен совет өкіметінің қас дүшпаны болған буржуазияшыл ұлтшылдар Россияны бөлшектеуді көзделген мақсатына жете алмады. Міне осы жағдай ұлтшыл ақын-жазушыларға өмірден түнгілетін, өлім тілейтін өлеңдер жазғызы. Совет өкіметі нығая түскен сайын Мағжан Жұмабаев сияқты ұлтшыл ақындар өз табының түнгійықтың түбіне құлап бара жатқандығын, енді қайтып оралмайтындығын сезіп, пессимизмге салынды.

*Жалғаның мен көрермін көп пен азын; Енді бір жүргенім де, өлгенім де,  
Өмірде енді болмас жылы назым. Қолымнан үшікканнан соң қоңыр қазым,  
– деп зарлап, құла түзде қанғырып қалған өзін өлімге әлділелті. Қазақстанда, әсіресе  
қазақ халқының өмірінде болып жатқан ұлы өзгерістерді көруге оның дәті бармады.  
Жаңалық орнап, мәдениет ошақтары көбейіп, шаруашылығы өрге баса бастаган  
қазақ сахарасы Мағжанға:*

*Дала, дала, Сар дала  
Бейне өлік айналға, –*

болып елестеді де тұрды.

Сонымен, революцияның алғашқы жылдарында қазақ әдебиетінің көгінде халықты жаңа өмір құруға шақырған, қоғамдық дамудың даңғыл жолына тұсуге үндеген советтік әдебиет бағыты мен ескіліктің етегіне жармасқан, өткен заманды көксеген, өлім күйін шерткен көрітартпа әдебиеттік бағыт болғандығы жоғарыда келтірілген мысалдардан бірқыдыру аңғарылса керек».

Қолжазбаның 26-27 бетіндегі ойлардың негізі сақталғанмен, өлең шумақтары қысқартылып, жалпы үзын-ырғасы беріліпті. Беттегі орынды толтыру үшін «Жаңа құруға ұмтылған еңбекшілерді қыбырлаган қоңыздар мен қорсылдаған доңыздарға теңеп, арамдыққа белшесінен батқан шірік жүрек сасықтар деп тілдеді. Олар Колчак, Толстов, Дутов және тағы сондай жыртқыштарға білек күшін қосып, қолдарына қару алғып, совет өкіметіне қарсы құресті, бірақ тас-талқаны шығып жеңілді» деген мазмұндауды әбден нығайта тұсу үшін және басқалардың қарсы шығуына мұмкіндік бермейтін беделді дәйектерге сүйеніппін. Ол үшін (Қараңыз, С. Мұқанов «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті». (ұлтшылдық, байшылдық дәүірі) 1 бөлім. Қызылорда. 1932 ж. 81 және 234 беттер (ол кезде бұл кітап литоның ғасырын қорында, ешкімнің пайданылұына берілмейтін. Т.К.) және М.Қайынназаров «Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдагы міндеттері туралы». Алматы, 1932 ж., 10-бет» деген сілтеме жасаппын. Екі автор да социологиялық таным бойынша пікір айтқанымен, айырмашылығы барын білетінмін. «Кәдімгі Сәбит Мұқановтың» коммунистігі көзі тірі кезінде ешкімнің күдігін тудырмауы былай тұрысын, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып жүрген кезде жазған еңбегінің, яғни осы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығының сырын сол кезде өзі аңғарды ма, аңғармады ма, әйтеуір алаштық, ұлт-азаттық әдебиеттің алғашқы қайраткерлерінің тарихта болғанын ұмытпандар дегендей астыртын сыры барын енді біліп жатырмыз гой. Ол кезде Мағжан кітаптарына жақыннатпайтын, тіпті атын атаған адамды қара тізімге жазып қоятын тұста өлеңдерінен мысал келтіру «барып» тұрған совет өкіметіне қастық болып саналатын. Мен осыны партия тарихы институтының қызметкері ретінде совет өкіметін жақтап отырмын деп пайдалануга тырысқан едім. Ол ниетім Алаш қайраткерлерін насиҳаттау бола қоймағанымен, оқығандардың есінде жүрсін деген сезімнің қазір болған-болмағанын «бөсіп» айта алмаймын.

Ал Қайынназаров Мұстафаның КазААП-тың бірінші съезінде жасаған баяндамасына сілтеу жасау, ресмиліктің партиялық жолы деген райдан туындаған-

ды. Өйткені Мұстафа әдебиетті басқаруға ешбір дайындығы жоқ, әкімшілігіне коркемдік танымы жәрдемдеспегенін тарихи деректерден оқығаныммен ресмиліктің күшін пайдалану қажет деген болуым керек. Ол кезде партия тапсырды, оның классиктері былай деді дегенге ешкім қарсы бола алмайтын. Сөйтіп, «Қазақ әдебиетіндегі бағыттар және олардың саяси-әлеуметтік тегі» деген тарауға Мағжанның өлеңдерін пайдалануымның сырты айқын болса керек.

Әлі литоның бетін көрмей, өзіміздің ішкі сұзбемізден өтіп жатқан жұмысымда еркінрек сілтеуге барған сияқтымын. 111-беттегі мәтінді Есақаңының айтуы бойынша мұлдем басқаша жазуға тұра келіп, тұptелген сап-сау қолжазбамды жыртыппын. Тағы не болып қалды деменіздер, өлеңінің мақамы да, айтқан ойының айқындығы да қызықтырганнан соң, Мағжан өлеңінен құлаштай үзінді алууды қажет санаппын. Сол кездегі таныммен болсын, иә өзімнің ішкі қалауыммен болсын мынадай сөздерді жазыппын. Сол кездегі қыспақты сезер болсаңыздар, мұның өзі жаута, совет еліне кас дүшпанға трибуна беру, «объективная пропаганда» жасаудың өзі деп ұғынар едік ол кезде.

«1924 жылы «Ақ жол» газетінде Мағжанның «Шойын жол» дейтін өлеңі басылды. Бұл кезеңде Қызылжар мен Бурабай арасында теміржол салу ісі қолға алынған болатын, соңдай-ақ Түркістан-Сібір жолын салудың жоспары да нақты күн төrtібіне қойылып, барлау жұмыстары жүргізіліп жатқан-ды.

Біз үшін теміржолдың қаншалықты зор өзгеріс екендігін, оның қазақ халқының экономикалық және мәдени тіршілігіне қаншама жаңалықтар әкеle жатқанын айтпасақ та түсінікті. Қазақ елінің өркендеуін емес, қайта сол мешеулік қалпында қалуын, ірі шаруашылық, өсken мәдениеттен ғөрі надандық торына шырмала түсіп, ауылдың бай-феодалдарына жем бола түсін тілеген, ескіліктің етегінен жармасып айрылмаған Мағжан:

Канишама пұл төгіліп,  
Неше мың жаң жегеліп,  
Бастаған жол бітіп не?  
Кара айғыры арсылдан,  
Кара қабаны қорсылдан  
Елді басып өтіп не?  
Сүр кеміп жүрніттың жүзінен,  
Сары қымыз көзінен,

Бір-бір үшип жүр ме екен?  
Өтінішім, інішек,  
Бара қалсан несіп бол  
Елге барып қайтқайсың,  
Басқан анау жол жайын,  
Басылған анау ел жайын,  
Өдегі көріп  
айтқайсың» –

Казіргі оқушы жұртшылықтың басым көпшілігі білмейтін Мұстафа Қайыназаровтың кітапшасына мензеу жасай беретінім, КазАП-қа азгана уақыт басшы болып, қазақ жазушыларының бірінші съезін өткізген Мұстафаның үйымдастыру қабілетіне эстетикалық таным-блігінің жетпей жатқаны баяндаманың он бойынан ангарылады. «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» дегендей Қазақстан коммунистік партиясы, оның ішінде Голощекиндей құжактың арнайы жіберген өкілі болған соң, оның сөзін тыңдамау, елемеу қастық болып саналғанды. Өйткені ол, М.Қаратасевтің тілімен айтқанда, «пікір айтпай, шыжыртып таптық мөр басады» екен. Идеология қыспағы еркін түтіл, әшейін пікір айтуга, дәлел келтіруге мұрасат бермей тұрған уақытта М.Қайыназаровтардың көлеңкесін пайдаланудың өзі мәнді болған-ды.

Тұмай жатып осындағы жұлмалауға түсken диссертацияның негізгі арнасы 4-5 айдың ішінде қағазға түсіп, наурыздың аяғы мен сөүірдің басында авторефераты шығып үлгерген-ді. Газет-журналда шықкан мақалаларымыздың қалам ақысын алайық деп ұзыннан-ұзақ қезекте тұрғанымызда, алған ақшасын жан қалтасына салып, жан-жағына қараган Сәбит Мұқанов кезектің сонында Айқын Нұрқатов, Қаратай Құттыбаев, Баламер Сахариев, Мырзабек Дүйсенов бәріміз үйірліп тұрғанда Сәбен маган қарап, «Осы сен қорғап алған құсың ба, әлде қорғайын деп жүрсің бе? Сенің

жазғандарың маган ұнайды» деді. «Е, қорғайын деп жүрсөн, онда директорың Ісмет Кеңесбаевқа, жетекшің Есмамбет Ысмайловқа сәлем айт, мен сенің жұмысыңа оппонент болып, академиктік міндеттімді бір атқарып тастайын» деп шығып кетті. Мұндай ұнамды сөз үшін сол күні алатын қаламақының үйге жетпесі айдан-анық қой.

Сәбенің сәлемін Есақаңа айтқанымда «Хажым Жұмалиевпен келісп қойдым» деп ыңғай бермегенімен ойға батқандай болды. Оппонентті белгілеу мәжілісінде аталып қалғанына қарамастан Хажекен «Әдебиетіміздің ыстық-сұзығына өз бастан араласқан Сәбенің артық кімді таппақпаз?» деп шегінді. Сонымен Сәбең оппонент болып тағайындалды.

1959 жылы Лениндік сыйлықтың ең соңғы финалына қазақтың екі ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов шықты. Бәйге біреу. Оны Лениндік комитеттің мүшесі Мұхтар Әуезов алды. Ұлылардың ала көздігінен пайда таппақ болған құлар екі кеменгерді осылай «сүзістіргеніне» қағанағы қарқ болғандар өз арамызда мәз болып жүрді.

Сәбенің маган оппонент болуга құмартуы мен жариялад жүрген мақалаларымның жалпы аңғарын не диссертацияммен «М.Әуезов сыншыл реализм әдісімен 20-жылдары әңгімелер жазып, 30-жылдардың басында социалистік реализмге қосылды, совет жағына шықты» деген тұжырымын жайында ел-жүрт құлактанып қалуы ғой деймін. «Есеп айырысуудың» бір сәті табылған сияқты. Осындағы кикілжіңнен кейін менің қорғауым созыла берді. Тоғыз айдан кейін ғана қорғайтын болдым. 1960 жылдың 27 қантарына белгіленді. Сәбенің «Білім» қоғамының бүкілодақтық съезіне делегат болып кетуіне байланысты 3 ақпанға шегерілді.

Дау-дамай шығады деген жерден қазақ ешқашан қалып қорғен емес. Аузы мұрны лықылдап толған Академияның кіші залында екі ұлыны «сүзістіріп» алмай, қорғап шықтым-ау әйтеуір.

Бұрынғы Тіл және әдебиет институты болініп, 1960 жылы жеке отау тікті. Соның құрметіне мен кәсіпшілер одағындағы төрагалығымды пайдаланып, той өткізгенде, әуелі Мұханғың қадімгі өзіміз сияқты пендердегі қуанып, ойнап-кулгенін көріп едік. Жарты жылға жетпей жақадан шақырақ қотерген Әдебиет және өнер институты ұлы Мұхтар Әуезов атына ие болатынын ол кезде кім сезіпті.

Өмір соқпагымен осылайша күн кешіп жүргенде диссертациямды кітап етіп шығару қамына кірістім. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасына апарып тапсырдым. Олар 1962 жылдың жоспарына қосты. Мамыр айында жарық көретін болды деп қуанып, жора-жолдастарымды шақырып, үйдегі тиын-тебенді түтег жұмсан, тұңғыш кітабымды «жүу» қамына кірістім. Әне-міне шығады дегенге шақырылып қойған қонақтар қарай ма?! Еңбегін жана берсін деп ішіп-жеп олар кетті. Алаңдай беремін, еш хабар жоқ. Женіс мейрамы өткеннен соң баспаның бас редакторы Диҳан Әбілов «Сені Орталық комитет шақырып жатыр. Сөз әлпеттеріне қараганда кітабының үстінен домалақ арыз түскен сияқты» деп зәремді ұшырды. Бұл кезде қазекенің арасынан адамның ғана емес, қолжазба, кітаптардың үстінен арыз жазуға машықтанып алғандар партия мен өкіметтің оң көзі, адал өкілі болуга әбден ыңғайланып алғандар кездесіп жататын. Өкпемді өшіре Орталық Комитеттің баспаса з бөліміне демімді баспай жетіп келдім. Бөлім қызметкері, жазушы Әтебай Қанахин жылы қабақ көрсете қойған жоқ. Ескерткені болар деймін, «Байқау керек еді ғой саясаттың ақысын» деді де литога – баспаса зегегі қауіпсіздікті бақылайтын мекемеге жіберілгенін айтты. «Жазған құлда шаршау болушы ма еді», жүгіріп литога бардым. Әкелері жаңа ғана өлгендей, қабагын қарыс жауып алған адамдар қағаздан бастарын қотермей. «он шақты құннен кейін келерсін» деп тұнжыраған қүйде қала берді.

Шапқылап отырып Есақаңа келдім. Мән-жайды айттым. «Біреулер баспа жағалап жүр деп еді. кітабының сигналының қолға түсіріп алған екен ғой» деп озімен

өзі сөйлескендегі болды да, телефон құлағына жармасты. «Әбдірашит, мен Есмагамбетпін ғой» дей беріп еді, ар жағынан «Өзің де, сенің шекірттерің де гылым-ғылым деп өрекпісіңдер де саясатқа қигаш пікірлер айтасындар, сөздер жазыпсындар. Ол баланың кітабын тексертіп жатырмын. Жарты айсыз ешбір әңгіме болмайды» деп кесіп таstadtы.

Сонымен кітапты құтқару шарасы күні-түні үйкі бермей, мазамды кетірді. Үстінен арыз түскен адамдар түрмеден бір-ақ шыгуши еді, ал кітап байғуста тіл де, аяқ-қол да жоқ қой тыптырауга, біреудің портфелінде, әлде үстелінің тартпасында бұғып, не көз алдында оқылып, күдікті жерлері шимайлансып жатқан болар деген ой мымынды жауап алды. Ізденбей болмайды ғой. Бірге істейтін досым Мырзабек Дүйсеновты, күні кеше қазақ тілі мен мектептерінің тағдырын ойлаганымыз үшін саяси айып арқалап, жас ұтшылдар атанған «қызыл көз» жолдасым Рахманқұл Бердібаевты «тыңшылыққа» жектім. Ұшеулеп жүріп арызда басқа жердегілер емес, өзімізben бірге істейтін адам жазыпты деген сыйбыс шыға бастады. Оның анық-қанығын анықтау өзірге қынын, өйткені арызда не жазылғаны, қандай кінә қойылғаны әлі белгісіз. Не шара көрерімді білмей аңыраюмен күн кештім.

20 күннен кейін литоға шақырылдым. Домалақ хатты қорсетпей, кітапқа 6-7 саяси айып тағылатынын, ең аз дегенде 4 беті жыртылып, басқаша жазылуға тиіс екенін ескертті. Түзетуге тиісті беттерді бүктеп қойған екен, ешбір сия, қарындаш тимеген кітаптың жаңа да таза данасын қолыма ұстартты. Ауыз екі ескертпелеріне өңтайлы жауап беріп ем, енді бастыққа, яғни Литоның жетекшісі Әбдірашит Шалабаевқа жолық деді. Оған барғанша Есақаң телефон соқтырып, етеп жұмсартып алуға еш мүмкіндік болмай, төрдегі бөлмеге кіргуғе мәжбүр болдым.

«Бізді әлекке салып жатқан Көкішев сен екенсің ғой. Отыр, түсіндір», – деп алдындағы орындықты нұсқады. Кінәлі баладай томп етіп отыра кеттім. Өз ойымды олай айтамын, бұлай түсіндіремін, ықжадағат қойғандай болады, бірақ мәселе шешіліп қойғанын бір-ақ айтты. «Мына кітаптың төрт жерін түзетесің, шығынын өзің котересің» деп бір-ақ тұжырды, бірақ зілсіз айтты. Оған себеп те жоқ емес. Есақаң үйінде кездесіп қалғанда сонау 1934-1939 жылдары Новосібір қаласында 1932 жылғы аштықта Сібір мен Алтайға босып барған миллионға жуық қазактарға «Қызыл ту» атты газет шыгарғанда редактор болғанын, Ғабиден Мұстафин сынды жазушымызға басшы болғанын, онда жарияланған дүниелердің ғылыми тұрғыдан ескерусіз жатқанын айтқанымда, маган жымия қараган еді. Қазір ол келбеттен ештеңе аңғарылмай, ресмилік жеңіп отыр.

Совет заманында, әсіресе литоның шешімін өзгерту еш мүмкін болмайтын. Тамыртаныстық та, ағайын-тұстық та, тіпті пара-сара да қайран жасай алмайтын. Айтылса, шешілсе, ол міндетті түрде орындауға тиіс. Оған салғырттық жасаған адамның өзі жазалы болып жататын. Айтқанын орында маймын деп тырыссаң қосымша қыспаққа түсетінсің. Сонымен не керек, төрт беті жыртылып, түзетілетін болды. Оның мәтінін міндетті түрде литоға мақұлдатып алуға тиісті болып Әбдірашиттің бөлмесінен сүмірейіп шықты.

Дап-дайын, барлық тиражы жасалып, 2500 данамен кітапханалар мен дүкендерге аттанаіын деп тұрған кітапты жыртып, қайтадан желімдеу айтуга ғана онай. Оның маган қанша шығын әкелерін ойлаған да жоқпын, тұңғыш кітабым шықса екен деп күні-түні тілеудемін. Өйткені мұндай кітапты өртеп, жоқ етіп жіберу тәжірибесі бізде жиі кездесетін құбылыс болып алған-ды. Соның алғашқыларының бірі болып Мұхтар Әуезовтың 1927 жылы «Әдебиет тарихы» деген оқулығы өртелсе, Сәбит Мұқановтың «Адасқаңдар» атты романы кітап түрмесіне қамалғаны белгілі. Ал 1937-38 жылдардағы «Қызыл қырғын» тұсында кітап, қолжазба түгіл олардың иелері – авторлары атылды, атылмағандары итжеккенге айдалды. Осыларды еске түсіргенде бұған да «Тәубе» деуім керек сияқты.

Сөйтсе де Есақаң барып ақылдастым. «Сұға түсіп кетіп құп-құрғақ болып шығатын» майдада мінезді, өзілкеш, сөз тапқыш Мырзабекті шақырып алғып, торт бетті түзетуге кірістік.

Литоның талаптары әбден орындалғаннан соң, Әбдірашит ағай менің баяғыңдағы мәліметті жылы сөзімнің қарымын қайтаруды ойлады ма екен, осыншама әлекке салған кітаптың біреулер оқыған данасын «архивыңа салып қой, өзін мұрагатшыл көрінесің ғой» деген жылы юмормен қолыма ұстартты. Үйге келген соң оның шимайлланған, белгі согылған беттеріне назар аударып, ара-тұра бірін-бірі теріске шығарып жатқан создерді оқыдым. Арызды сол кісі жазды дегеннің растығына қозім жетіп, үлкен бір жиында «Жартылай ғалым, жартылай залым болғанша тұтас ақын болмайсың ба» деп өзімнен он жас үлкен Сағынғали Сейітовке тарпа бас салып, ашуым тарқаганша біраз ауыр сөздер айттып ем. Шимайлланған, саяси айыптауға ұшыратқан кітаптың әлгі данасын жоғалмайтындаі бір жерге тығып қойғанмынды. Сол кітап таяуда ойламаған жерден қолыма ілгіп, осы ессені жазуға себепші болып отыр. Мұндағы коздегенім, өзімнің ең алғаш ғылым жолына түскендеі азапбейнетімді жазу арқылы советтік идеологияның қытымымырлығын нақты мысалмен көрсету және не үшін күйінімді, қазір жүрттың бәрі бауыр басып өскендей бол өзеурел жатқан құбыльыстың қаншалықты қауіпті болғанын, әуре-сарсанға салғанын айту қажет деп отырмын. Оқырмандар не алып, не қоярын өздері білер, ал өмір деген онайлықпен жылжып өтпейтін ғажап екен.

Сонымен кітап алдында жайылып жатыр. Неше адам оқыды екен деп әуелі қалам дағына назар аудардым. Өткірлеп ұшталған сұр қарындаштың ізі 5-беттен көрінді. С.Мұқанов пен М.Әуезовтен кейін аталағын «Е.Ысмайловтың, М.Қаратасевтің, тағы басқа ғалымдар мен сыншылардың пікірлеріне ұқыптылықпен назар аудара отырып» дегеннің астын ұқыптап сзызыпты. Демек, Есақаң мен Мұқанов қоңіл тарлығы бар-ау тегі. Одан кейін 7-бette қоқшіл қарындашпен «1919 жылы 10 шу傲де В.И.Ленин мен М.И.Калинин қол қойған «Қыргыз өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы» декрет» деген дені дұрыс сойлемге «Қыргыз» дегеннен соң жақша ішінде «Қазак» деп жазыпты. Өзінің ұлттық келбетіне бей-жай қарай алмайтын адамның қылышы ғой бүл, әйтпесе қазақ халқы, қазақ өлкесі Ресей империясының реcми қағаздары түгіл, ауыз екі сөзінің өзінде, 1925 жылға дейін «Киргиз» дегеннен жаңылмай келген-ді. Осыған шамданған Сәкен 1923 жылы 15 ақпанда «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп «Еңбекші қазақ» газетінде ашы мақала жариялаган-ды. Бүгінге шейін қазақты орыстар «киргиз» деп келді. Тарихи қатенің түзетілуі керек екенін жүртқа айтқым келді.

Орыс патшасының торелері, жасауылдары қазақты біртүрлі мүгедек, мақау жануар санап, «киргиз» дегенде біртүрлі меммендік қияппатпен, қорлаган мазақпен жоғарыдан төмен қарап, тұмсығын кекірейтіп, пысқырып, «киргиз» дейтін болды. Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда «ах, ты Полькан, киригиздан да жамансың» дейтін болды. Қырга шыққан шабармандары, жасауылдары қазаққа зорлық қылғанда, қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап «У.у! Киргиз» дейтін болды.

Енді ол қүндер отті. Октябрь төңкерісі қазаққа былай қарауды тиды. Енді қазақ та бір, басқа халықтар да бір. Біздің қазақ жігіттері «киргиз» дегенді тастап, қоймastaн «қазақ, қазақ» деген сөзді жұмсап, басқа жүрттың құлағына сіндіріп, үйрету керек.

Қазақстанның Орталық үкіметі «киргиз» дегенін қойып, «қазақ» деген есімді қолданута жарлық (декрет) шығару керек. «Қазақты қазақ дейік, тарихи қатені түзетейік» (5 том, 150-151 беттер) дегенді өзі Қазақ АССР халық комиссиялар кеңесінің төрагасы болып сайланғаннан кейінгі екі жарым айдың ішінде жазып, кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізу шарасын қолға алған-ды. Қазақ тіліне мемлекеттік дәрежені сол 1923 жылдың 22 қарашасында қоярда-қоймай декрет алдырумен орындалатса, Қазақ республикасы аталудың сәті екі жарым жылдан кейін ғана Кеңестердің 1925 жылғы бесінші съезінде ғана түсті.

Менің кітабымдағы «киргизга» қосымша қазақ деген қосымша жасау өз елінің атын қастерлей білген адамның әрекеті еді. Ал мен ресми құжатты өзгертуге хұқым болмағандықтан пайдаланғанмын.

Оқиғаны баяндау барысында осындай шалқулар мен шегінулерді енді ең мәнді тұста қамтырымсыз. «Әдеби бағыттар және олардың арасындағы идеялық-творчестволық күрес» деген бірінші тарауға қаракөк қалам диссертациялық қолжазбада түзеткен тұсқа «очень хорошо сказано!!» деп жазыпты. Кім қойғаны белгісіз ақ тілше қағазға «20» деп жазып, беттердің арасына қыстырып қойыпты. Осындай тілше қағаздың жалпы саны тоғыз. Демек, бұл беттерді ерекше сақтықпен оқу керек дегендеге ескертпе шығар деп ойлаймын. Кітаптың 29-бетінде сұр қарындаш Нәзір Төреқұлов есімінің астын сзызып, белгі соқса, көкшіл қарындаш «Плохого ничего нет!» деп айқасқа дайындалғандай сыңай танытыпты. 32-бетте сұр қарындаш «Идеологиялық күрестің шешуші кезеңдерінде таптық позициясын берік сақтай алмай қалатындар кездеспейді деуте болмайды. Осының айқын мысалын Молдағали Жолдыбаевтың Самат Нұржанов өлеңдеріне жазған сынынан көреміз» деген сөйлемдердің астын түгелдей сзызып, Молдағали Жолдыбаев есімінің астын баттитып қойыпты. Сондай-ақ «Молдағали Жолдыбаев үлтшылдарға несімен ұнаган еді» дегендеге қалыңдата сзызыпты. 34-бетте қаракөк қалам «Орыстың төңкерісті жырлаған ақындарын Троцкий «жолдан қосылғандар» деп айтады. Сондықтан «қырам, жоямын» дегенмен төңкеріс ақыны бола қою қынын сауда» дегендеге бүйірінен сзызып, сұрақ белгісін қойыпты. Осы белгінің үстін ала әлгі көкшіл қарындаш «34-35 беттер тартысты дұрыс көрсеткен! Айып жоқ!!» деп «жыршы» дегендеге «жаршы» деу керек дегендеге белгі қойыпты. Ал сұр қарындаш Фаббас Тоқжановтың есімін мықтап бір сзызыпты да. 35-беттің ашық жиектеріне «Төреқұлов, Тоқжанов, Жолдыбаевтай мәдениет тарихында ірі із қалдырған адамдарға ат үсті бага беру зиян. Олар советтік мәдениеттің көрнекті қайраткерлері. Сын үшін Сәкенге қарсы қоюға болмайды. Х.Е.» деп жазғанға көкшіл қарындаш «Саяси теріс пікір жоқ!» деп леп белгісін қойыпты. Демек, енді сұр қарындаштың несі «Х.Е.» екені айқын болғанмен, оның нақты кім екені қөнілден кетпей қойды. «Х.Е.» есімі бар адамдармен сөйлескенде аңысын андалап түруға көштім.

Маған, менің кітабыма жабылған пәлелердің бәрі «Әдебиеттің көркемдік әдісін игеру жолында» деген екінші тараудан шықты. 59-105-беттегі мәтіннің әрбір сөзіне демей-ақ қояйын, әрбір бетіне белгі соғылмаған, қарындаш-қалам тимеген тұсы жоқ десе де болғандай. Бұл тарау әрі теориялық, әрі тарихи-мұрагаттық, нақты мысал, үзінді келтіруде өзімнің де зықымды шығарып, творчестволық іздениске салған, ақыл-парасатты былай қойғанда көптеген мәндай теріне түсken, өз тарапымнан енеп болса да жүрт айта қоймаған пікірі бар, қымбатқа түсken зерттеу еді. Және әрбір сөзді «жұз ойланып, мың толғанып» жазған едім.

63-бетте В.И.Лениннен алған цитаттың «Білген, сезген және көрген халық еш уақытта жеңілмейді» дегендегі «халық» – «жалық» болып қате теріліпті. Оны көрген жалпақ табанды көк қарындаш астын мықтап сзызып, бүйіріне «Х» ның орнына «Қ» әрпін бас әріппен жөндеу керек деп белгі соғып, ашық жерге «жөнд» дегендеге көк, «еледі» дегендегі қызыл қарындашпен жазыпты. Келесі 64-бетті әлгі көк қарындаш «Жұсілбек Аймауытов: «Тәңкерең бір жағынан желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан уайым-қайғы кіргізді» деп мейлінше тапқырлықпен айтқан ойын түгелдей астынан сзызып, шетіне «жөнделеді» деп жазыпты. Бұл аз болғандай қаракөк қалам әлгі тұсқа, одан кейінгі сөйлемдерге сұраққа үқсас белгі соғып, «Тікен» деген есімінің астын қисайта сзызыпты. Ал осы ескертпе жасалған жерге көкшіл сия қарындаш «Тарихты айтпай, несін айтады? Онда ғылым бола ма?!» деп өзінің сүбелі ойын қарсы қойыпты. Келесі 65-бетте «С.Сәдуақасов сияқты сыншылар» деген тұсты ирендеңтіп сзызыпты. 66-бетте «байышыл-ұлтшылдардың әдебиетте айғайы көп» деген тұсқына қаракөк қалам құс қанатындағы белгі салса, «Сәбит Мұқановтың «Қазақ кедейлері өлі оянып болған

жоқ... Осыдан үгіт те шыгады, көнілдену де шыгады, тұрмысты суреттеу де шыгады, әдебиеттің алатын бағыты да табылады» деген ойын түгелдей қоршаган қаракөк қаламға көкшіл сия қарындаштың иесі «Дұрыс!» деп жазыпты.

Қаракөк қалам иесі келесі беттердің бәріне сұраққа үқас сөзіп, «Міне осындаған міндеттерден сырт қалса, оның шығармасының құны қаншалықты болмақ. Ұлтшылдар мен оңшылдар не десе о десін, ал совет ақындары деген тұсты бір сзызып, сұрақ белгісін қойыпты. 68-беттегі «Бәрін түтел тыңдан бастап жатқан заманда өлеңнің түр жағынан ғөрі мазмұн, мән жағы ерекше қасиеттілеу болды» деген сөйлемге құдіктену ме, әлде ризалық па, әйтеуір құс қанатын салып отсе, «Жыл құсы» альманагы әңгімеленген жерге тұтастай түйе оркештерін сзызыпты. Осы қаракөк қалам 70-бетте торт қарлығаш қанатын салып, 71-бетте «Өршіл романтика Сәкеннің тек жеке өлеңдерінде гана кездесіп қана қоймайды. оның романтикалық планда жазған талай поэмалары да бар» деген тұска енді қарлығаштың емес, қара қарғаның қанатын салыпты. Ал 72-бет түгелдей прек сзызыпен сзызылыпты. Онда «1927 жылы С.Сәдуақасов «Бейімбет те. Сәкен де әлі соғыс марксизм негізіне түсініп жетпеген жазушылар, әсіресе Сәкен, Смағұл Сәдуақасов ескі өмірді суреттеп отыр деп пәле жабады» дегенге дейінгі жерлерді иректете сзызып, «Ергали Алдаонғаровтың «Бейімбет ел тұрмысын жазғанда кейіпкерлерді аудармай алады» деген пікірін сұраққа үқас сирекпен белгілепті. 73-беттің етегіне жазылған Е.Ысмайылов, Жамбыл, Л.Соболевтің аттарын сиясы таусыла бастаған қаламмен болар-болмас сзызып қойыпты. 75-беттің ортасына «Х» деген белгі сөзіп, 82-бетке оймақ салыпты. Қаракөк қалам мен сұр қарындаш құшақтаса аймаласыпты. Өйткені «Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майллин сияқты үлкен таланттар алғашқы кезде құр даурықпага еріп кеткендерін аңғарып, кейіннен оң жолға тұсті. Ал Магжан Жұмабаев. Мыржақып Дулатов сияқты керітартпалар реакциялық романтиканың құшағына енді» дегеннің «құшағына» деген сөздің астын сзызып, оң бүйіріне сұрақ қойса, сұр қарындаш «реакциялық романтиканың» астын сзызып, келесі абзацтағы «қоркем өнер – өнер үшін» дегеннің мәнін түсіндірген жерді әдемілеп сзызып, сол бүйірінен теріс қаратада сұрақ белгісін сөзипты. Келесі 83-беттегі Магжанның

«Кара айғыры арсылдан

Кара қабаны қорсылдан,

Елді басып өтіп не?»

деген үзіндіні жаңадан пайда болған қызыл қарындаш айналдыра сзызып, дерек көзі ретінде көрсеткен «С.Мұқанов XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1932. 352-353 беттер» дегенді үлкен қызыл қоршаута алыпты. Ал Магжан өлеңнің үш жолын қок қарындаш «алынады» деп жазыпты. Келесі беттегі «Сар дала бейне өлік сұлап жатқан, кебіндей ақ селеулер бетін жапқан» дегенді Магжанның «Мені де өлім әлдиле» деген өлеңнен алынған жарты шумақты сұр қарындаш сыйзыпты. 87-беттегі С.Дөнентаевтің В.И.Ленинге арнаған «Ұмытылmas» өлеңнің бүйірін әлті сұр қарындаш баттита сзызыпты.

Әрбір белгіні бәжейлеуден жалықтан боларсыздар, енді әдебиеттану ғылымында біраз дау-дамай туғызып, өзіме «Мұхтар Әуезовке оппозицияда» дегізген ғылыми мәні зор, тәуелсіздік келгеннен кейін мойындалған теориялық мәселеге назар аударыңыздар. Бұл тұста баяғыдан бері белгі сөзіп, пікірін жазып отырган қалам-қарындаштардың бәрі ығы-жығы болып, бірінің үстінен бірі мінгесіп жатқан сзызық, белгілерге кездесеміз. Ар жағында байыл-ұлтшылдардың атынан үркіп, келгендер 93-102 беттердің үстінде емін-еркін ойнақ салыпты.

93-бетте Мұхтар Әуезовтың 20-жылдары жазған тамаша қоркем әңгімелері баяндала бастаған-ды. Қаракөк қаламның үші «Екі бағыт ұлт тілегі, мұддесі төнірегінде бірсыздырғы жақындаған алғанына көз жұмуга болмайды. Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев сияқты ағартушы-демократтардың болсын, Бейімбет Майллин болсын, сондай-ақ Мұхтар Әуезовтың болсын ұлтшылдық идеологияға ұрынып қалуын түсініп

алуга септігін тигізеді» деген үлкен абзаңтың қасқыр тартпаған, қалам тимеген жері жоқ. Оナン кейін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де қаракөк қаламның үшінә ілігіпті. Осы тұстардың бәрін маган жақтас болып келе жатқан көкшіл сия қарындаш «Дұрыс қой!» деп бір-ақ сыйыпты.

Бұл бет қыырдақтың алғашқы тұрамы ғана екен. 94-98 беттердегі белгілерден аяқ алып жүрудің өзі оңай емес. Әсіресе қаракөк қалам емін-еркін ойнақ салып, құдіктенбеген сойлем қалдырмапты. «1915 жылдың аяғынан 1917 жылғы Февраль революциясына дейінгі мерзім ішінде жазба әдебиет өкілдерінің бірен-сараны болмаса, көбі шыгарма жазудан бой тартты. Қоғамдық өмірдің құрделі оқиғаларына жауап бермеді, 1916 жылты ұлт-азаттық күресін мұлде атаусыз қалдырды деуте болады. Осы кезеңде ұлтшылдар өз пікірлерін еркін, ешбір кедергісіз уағыздады. Демек, қазақтың ағартушы-демократтық ой-пікірінде тоқырау процесі басталды деуден басқа жорамал айту қын» дегенді шам көрді ме, әлде өзінің әдеби-тарихи танымы жеңімпаз коммунистік идеологиядан таймайтындығын, отырган орнынан айрылғысы келмегендігін сездірейін деп жаңықты ма, не жанды сөзді, жаңа сөзді естігісі келмеді ме. Ейтеуір міне осындай кезеңде Февраль революциясының болуы, самодержавиенің құлауы, қаншама суренсіз болғанына қарамастан Россияда буржуазиялық тәртіптің орнауы сөйлеу «правосынан» айрылған ақын, жазушылардың тілін шыгарды. Февраль ала келген шолақ бостандықты олар беріле де, ағынан жарыла да жырлады. «Ақ түйенің қарны жарылды, қой үстіне боzторғай жұмыртқалайтын заман туды», енді біздің идеалымыз орындалады деп қуанды және соған сенді де. Бұл уақытта панисламизм туын жоғары ұстап, түрік «империясының» ішінде қазақ халқын «жеткізбек, өркендетпек», автономия алып бермек болған ұлтшылдар «Алаш» партиясын, «Алашорда» үкіметін құрып та ұлғірді. «Халықпен тиісінше байланысты болмаган» жазба әдебиеттің өкілдері февральдан кейін котерілген буржуазияшыл-ұлтшылдық даурықпаның, «ой қазағым, басың бірікпегендіктен қор болып ең, енді аташтың ала туының астына бірігіндер» деген жел сөздердің дауылына бірден кезікті де. Февраль революциясының жартыкеш бостандығы, демократ-ағартушылар тілесін тілемесін, бір сәтке, азғана уақытқа сол кездегі ұранның төнірегінде шыр айналдырыды.

Мұның үстіне «Ақмолда, Әубәкір, Нұржан, Мақыш, Шаһді, Машіұр-Жұсіп сияқты ақын, жазушылар діни көзқарастағы, феодалдық-ескілік, буржуазиялық-либералдық және ұлтшылдық идеяға ауытқыңызғарап» ақындарды былай қойғанда, Сұлтанмахмұт пен Сәбит, Бейімбет сияқты ақындық жанары бірсыдырығы алыстан шалатын прогрессивті творчествоның күштер кезең идеологиясын парықтай алмай, аз уақытқа болса да ұлтшылдардың шылауында кетіп қалған еді» деген ойлардан әбестік табуга талаптанғанда менің жақтасыма айналған көкшіл сия қарындаш «Басы артық ештеңе жоқ!!» деп екі леп белгісін соғыпты.

Енді негізгі әңгіменің өзегіне барадар мәселенің шеті көріне бастады. «Сонымен, маркстік идеологияның иглікті әсері қазақ аулына емін-еркін жете алмай жатқан кезде, ал демократтық ақыл-ой тоқырау процесінен кейін ұлтшылдық-алашордалық даурықпана кезігіп мұқалған қиян-кескі заманда патриархалдық қарым-қатынас жайлапан тұрмыстан идеялық нәр алған Мұхтар Әуезовтың пролетарлық идеологияга бірден келе қоюы екіталаі нәрсе еді. Орыс әдебиетінің Пушкин, Толстой, Чехов сияқты данышпандары мен қазақтың Абай сияқты кеменгерінің еңбекінен мол үлгі атудың өзі де Мұхтар Әуезовке өзгеріс, күрес жолын көрсете алмады, өйткені ондай жол сыйнышын реалиzmнің идеялық негізінен тумайды» тіпті Абай «сияқты кеменгерінің» дегенді баттита сыйып, «кеменгерді» жақшаның ішінде айтуға талаптанған бейбакқа көкшіл сия қарындаш бар қуатын да, ашуын да, таным-білігінде «Дұрыс!!!» деген мақұлдауға сыйғызыпты. Мұндай қағаз үстіндегі «соғыс» әрі қарай өрши түсіп «Мұхтардың партия қатарына кіруі де мансұқ ететін жай емес» дегендегі «партия қатарына кіруі» дегенді жаңадан пайда болған қара қарындаштың «алынады» дегеніне көкшіл сия қарындаш «Шындық қой?!» деп шыр ете қалыпты.

Ұлылардың қолынан тұган туындылардың қайсысы болмасын әрқиыл ойға бастайтындығы белгілі ет. Ұлы дарын бірден қалыптаспайды. Оның да осіп өркендейтін, жетілетін кездері болады. Мұхтардың алғашқы аяқ алысын, шалыс басқан қадамдарын түтегедей келтіру орынды деп білемін.

«Осы тұста оның совет жұмысына араласып, партия қатарына кіруі де мансұқ ететін жай емес, бірақ алашорда идеясын жақтаушылардың кінәсін ауыр-жеңілдігіне қарап сараламау. қазақтың буржуазияшыл интеллегенциясының төрттен үшін алашордашылар, буржуазияшыл – ұлтшылдар деп табу, онымен коалицияда болмай, тек техникалық күш ретінде пайдалану қажет деген пікір тұжырымдалған уақытта біраз ойысып келген Әуезовті сыртқа тебу – оны ұлтшылдық идеологияға айдан салумен бірдей болды. Суреткер ретінде бетін айқындаپ келе жатқан Әуезов «Қорғансыздың күнінен» кейін бірден «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», оның ішінде «Сыбандың моласында» сияқты мистикалық сарыны мен ескілікті идеализациялауы басым әңгімелерді жазып, жалған романтикаға ұрынуы, оның таланттының қанатын біраз уақытқа қайырып тастаған еді. Теріс идеологияның әсері бірқыдыру шыгармаларында орын теуіп, «Қылыш заман» повестімен сарқылды.

Әуезов творчествоосының алғашқы кезеңін соз еткен уақытта Александр Дроздовтың мына пікірін келтірмеске болмайды: «Ол 1917 жылдан жаза бастады. Оның әңгімелері бірден өзіне назар аудартты: онда өзіне тән жазушылық мәнер, тек оның өзіне гана біткен әдеби аяқ алыс бірден байқалды. Бұл әңгімелерден әдебиеттің болашақ тамаша шебері дүниеге келе жатқанын аңғаруға болатын еді. Ол Европа біліміне жетік адам болды, бірақ оған нәр берген идеялардың аумағы оны тежей берді. оның күшін әлсіретті, көзі мен құлағына қалқан болды. Ол халықтың ішіндегі таптық құштердің антогонизмін көрmedі, түсінбеді, демек, соңдықтан болар, өз халқының жүрер жолын аңғармады. Ауылдағы патриархалдық-рулық тұрмыстан адамдар қарым-қатынасындағы бұзылмаған тазалықтың етene жарапан берік және адал арнасын көрмек болды.

Осының салдарынан оның қолынан «Қаралы сұлу», «Сыбанның моласында», «Қылыш заман» әңгімелері тұды. Бұл әңгімелерді жансыз, қатып қалған әңгімелер деп атаяуа болады, өйткені оларда ғасырлар бойы кемтіктелген өмірдің өзгермейтіндігі суреттеледі. Әуезов сол өмірдің ілтері басуына ерік бергісі келмеді. Шындықтың біздің түсінімізше бағаласақ, бұл жалған көтерінкі романтикалық әңгімелер қозғалыстан құр алақан емес, бірақ олар жаңа өмірдің гүлденеүіне қарсыласа отырып, кейін карай, еткен ескілікке қарай сүйрелейді. Егер Әуезов осыменен кете берсе, онда ол суреткер ретінде опат болар еді». (96-97) деген пікірлерді қатты ойланып-толғанып жазып ем, сол ойларымнан талай теперішті көрсем де алі күнге дейін қайтпаймын. Қайта совет үкіметі құлап, тәуелсіздік келгенинен бері осы қөзқарасымды қалынданда да терендейте түсем-ау деген ой бар.

Әлгі-келтірілген беттің әр тұсына қарасақ қалам ойнақ салып. «М. Әуезовты сыртқа тебу – оны ұлтшылдық идеологияға айдан салумен бірдей болды» деген жерге ирек сыйық, үлкен сұрақ белгісінің астына нүкте қойыпты да. «Қылыш заман» повесі аталағанда «Изъять! Явион нац. произведение» деп жазыпты. Ал енді көкшіл сия қарындаш «Қылыш заман» атауын айналдыра коршап, әлгі орысша сөздің астына «алынады» деп жазыпты. Сол қарындаш 97 беттегі «Қылыш заманы» тағы да қоршап «алынадыға» үқсас бірдеме жазыпты. Ал қыр соңымнан қалмай келе жатқан сұр қарындаш 96 – 97 беттердің сау тамтығын калдырмай астын сызғаны аз болғандай, мәтіндердің бүйірінен ұғырылай белгі соғыпты.

«Бақытқа қарай, Әуезов өзінің әдеби тәжірибесіндегі өлік, керітартпа «сұлулықтың» сироын тез аңгарды. Өз творчествоосының сол бір күннің-қыстау кезінде ол реалистік тенденциясы басым болған шыгармалар жаза білді, шындық «сұлу» ойларды тәнкеріп тастап, сыртқа тенті. М. Әуезов «Қорғансыздың күні» атты күшті, батыл көркем повесть

жазды. Суреткөр ауылда әлеуметтік идея жоқтығын, бай мен кедейдің бір-біріне баяғыдан қас екендігін, қас болғанда өліспей беріспейтін қас екендігін көрді. Шындықты осылай жаңаша түсіну Әуезовтың творчествосына жаңа күш қосты» деген пікіріне толық қосылмасқа болмайды» дегенді баттита сыйып, кітаптың етек жағындағы «Новый мир» журналы, 1941 ж. №216 бет» дегеннің астын сыйып, түсіна «Бұл пікір ұтымды пікір емес» деп сұр қарындаш қорытынды жасайды.

Бұдан кейінгі 98, 99 беттерге жыпырлаган белгілер қойылса, жаңадан пайда болған қара қарындаш 99-беттің екі жеріне қос-қос сзызық салып, әсіресе «Сол қайшылықтарды екі салаға бөлу шарт: бірінші – автордың еркінен тыс тұган сыншыл реализм дәстүріндегі шығармалар, екінші – жалған романтикамен жазылған шығармалары өмір шындығын бүркеудің авторға барынша қындыққа түскен» дегенге құс қанаттарын салып, біраз сөздің астын сызған.

100-бетте «Әуезовті суреткөр ретінде сактап қалған және оны қазақ совет әдебиетіне ерікіз алып келген арна – сыншыл реализм» дегеннің түсіна құс қанатын салып, үлкен сұрақ белгісін қойыпты. Содан кейін «Жуандық» әңгімесін талдаған 101-102 беттерді бүйірлей тұтас сзыпты. 103-бетте «Сонымен, Сәбит Донентаев пен Мұхтар Әуезовтың қазақ совет әдебиетіне келуінің бастаулары әрқылы өнірден тарағанымен сыншыл реализм арқылы социалистік реализмнің принциптеріне тоғысты деп табамыз» деген негізгі қорытындыға сұр қарындаш үлкен сұрақ белгісін қонжитыпты. Ол аз болса жаңадан қосылған қара қарындаш төрт жолға орналасқан пікірдің сол жағына дөңгелете, оң жағына жігерлі қос сзызық салыпты. Осы белгілер жай қойылмаганын сұр қарындаш «Мұхтар Әуезовті тартпақтау зиян. Келешек үрпақ қабылдамайды!» деп нығырлай түйсе, оны ұнатқан қарапәк қалам қосу (+) белгісін қойыпты. Ал менің жанашыр қоқшіл сия қарындашым әлгі тұжырымының үстінен екі тартып «артық ештеме жоқ!» деп жазыпты.

Байқап отырган шығарсыздар, алаш қайраткерлеріне, ақындарына, әсіресе Мағжанға, онан кейін сыншыл реализм дәстүрін басшылыққа алған М. Әуезовтың шығармашылығына байланысты ойларга шүйліккендер өз мақсатарына жартылай жетіп. 4 бетті жыртқызғанын кейінірек әңгімелейміз де. М. Әуезовтың сыншыл реализммен бауырласуының қандай сыр-сипаты барына арнайы тоқтасақ, онда теориялық да, идеялық та мәселелердің төбесі бірқыдыру көрініп, сіздердің ойларыңызға қозғау салса құдайдың бергені болар еди.

Қолыма қалам ұстаганнан бері М.Әуезов туралы «Абайдың сатирасы» (1952), «Әдебиет мақтанышы», «Становление казахской советской литературы» (60), «Орыс ориенталистери Абай туралы» (63), «Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәүірі» (67), «Асылдың сыннығы» (71), «Традиции критического реализма в казахской советской литературе в период ее становления» (74), «Ғұламағалым», «Кеменгер гибраты» (77), «Романтика в казахской литературе 20-х годов» (80), «Абайтанудың алғашқы асулары» (82), «Заманымыздың занғар жазушысы», «Мәңгілік Мұхтар» (87), «Қазақ зиялышарының тағдыр-талайы» (89), «М. Әуезов» (97), «Сәкен мен Мұхтар», «Сыншыл реализм және М. Әуезов», «Ұлы ойшыл моншақтары» (97), «Алыптардың айқасы» (2004), сынды мақалалар мен гылыми конференцияларда «Казахский героический эпос» (1953), «Қазақ әдебиетінің 20 жылдарындағы өзекті мәселелері» (61), «Традиции критического реализма в казахской советской литературе в период ее становление» (Баку – 1972), «20-30 жылдардағы әдеби дамудың ерекшеліктері» (87), «Проблемы создания истории древней литературы Средней Азии» (Самарканд – 1991), «Қазақ зиялышары революция құйындарында» (92), «Құрессіз азаттық жоқ» (Жаркент. 93), «Социалистік реализм – қазақ әдебиетінің дамуындағы бір кезең» (94), «Абай мектебінің қазақ әдебиеті тарихындағы орны» (Аяғөз. 96), «Ұлы ойшыл, үлкен ұстаз», «Сыншыл реализм және М. Әуезов», «М. Әуезов және қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу мәселелері» (97), «М. Әуезов және қазақ зиялышары» (99), «Ұлагат үні»

(2003), «Сыншыл реализм және М. Әуезов» (04), «Тарихи тағылым» (05) сияқты баяндамалар менің М.Әуезовке деген ой-пікірімді, көзқарасымда анық аңғартарына көзім әбден жетеді. Солай бола тұрса да 50 жылдардан бері айтып, жазып келе жатқан «Сыншыл реализм және М. Әуезов» атты ғылыми теориялық ойдың негізін түсіну үшін мәселенің жалпы жай-жапсарына көз салайық.

М. Әуезов – әлем әдебиетіндегі алып тұлғалардың бірі еkenі досына да, қасына да аян. Абай арқылы бүкіл қазақ халқының ұлттық келбетін жан-жақты көрсете білгендіктен өзі де теңдесі жоқ жазушыға айналды. Елін де, жерін де, данышпаны мен ақын-жырауларын да дүние жүзіне таныта білгені үшін қазақпен дегендер құдайдын бізге берген бір ырысы, ұлттық мақтанышымыз деп түсінуге тиістіміз.

Өмбете аян пікірді мен әдейі қайталап отырмын, өйткені мені М.Әуезовке «оппозициядағы» зерттеуші деген түсінік сонау 50- жылдардың орта түсінан қалыптасып, әлі күнге дейін кейбіреулердің көкейінен кete қойған жоқ, Марқұм Ләйлә Мұхтарқызы, Евгения Лизунова, Зоя Кедрина сондай түсінікпен дүниеден озды. Кейбір жора-жолдастарым менің ұстанған көзқарасымды пайымдағанмен көкейлерінде айтылмай қалатын бірдемелері барын байқап жүрдім, баіқап келемін. Мұндай лақап нeden тарауды? деген сауалға айтар жауабым. Әдебиеттану ғылымында қалыптасқан дормалар әсіресе қазақ зерттеушілерінің арасында бақастық пен түрлай түсініктерден бастау алған болатын. 50 жылдардың орта, әсіресе аяқ түсінінде мен 20-жылдардағы әдеби атмосфераны індете қазып, тарихи-архивтік құжаттарды ғылымның партиялық принципін айта отырып жазып жүргенімде жастық желікпен артық-кем сілтегенім де болуы ғажап емес. Партия сөзін сойлемеген ол кезде еш жан болған жоқ. Тіпті партия принципіне жанасады-ау дегенді долбарлай соққан кезіміз аз емес. Соның бірі социалистік реализмге байланысты көзқарастан туындаған еді.

Озімнің өміріндегі де, ғылымдағы да қанды көйлек жолдастарым, партиялық ұстанымға, әсіресе социологияға мығым, ешбір жерден алғызбайтын Серік Қирабаев, дүниеге символикалық көзben қарайтын эстет Зейнолла Қабдолов екеуінің қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дауірінде сыншыл реализм дәстүрінің кейбір озық әдіс-тәсілдері сақталып, уақыт оте келе социалистік реализмге ұласқан еді деген пікіріме, әсіресе оны М. Әуезовтың 20-жылдардағы классикалық әңгімелеріне жанастырғанымда мені газет-журналдағы мақалаларында, жыны-мәжілістердегі сөздерінде «сыншыл реализм капиталистік дәүірге тән, оны құлагынан тартып социалитік заманға сүйрелеме» дегенін оқығандар да, естігендер де аз емес.

Уақыт ағынына қарсы жүрейін, сөйтіп атымды шығарайын дегендер бар шығар, бірақ өз басым шырылдаған шындыкты жақтаймын деп, қамқоршысы жоқтарды мұсіркеймін деп, бір сәттік пайдага ақиқатты айырбастаймын деп жүріп. талай пәлелердің үстінен аман-есен келе жатқаныма қайран қаламын, шүкіршілік етемін, әйтпесе-әлемді аузына қаратқан Мұхановның кең қолтығынан мен де өзімे ылайықты жылы орын тауып алуга ақылым жетер еді. Бірақ өмір жолы басқаша соқпақты сыйлады, оған тіпті өкінбеймін.

Бұл кіріспені бостан-босқа айтып жатқаным жоқ, өйткені Мұхандаі ұлы алыптың өнерпаздығының алаш қозғалысы ақтальып, тарихқа қайтып оралғаннан кейінгі кезде қайтадан толгайтын сәті өте көп. Қазір мадақтау мен маралаттау деңгейінде кемдік жоқ. Ал мен сол 50 – 60 жылдардағы жазғандарымды бүгін қайтадан сол күйінде жарияласам жазушы М. Әуезовтің, яғни С. Мұқановша айтқанда, өзінің алғашқы әңгімелерінен бастап, европалық мәдениет деңгейінде көрінген жазушының басып өткен жолын түсінерлікте, қазақ әдебиеті өзінің бүгінгі білігіне қалай жеткенін аңгарарлықтай пікірдің желісі байқалып қалар деп ойлаймын.

Тегінде маған құдекең ылғи дау-дамайды жазып қойған сияқты. Талас-тартыссыз бір кітабым шығып көрген жоқ.

Дау-дамай дегенде мен 1956 жылғы қазақ тілі мәселесіне байланысты бір рет от басып алсам, қазақ әдебиетінің қалыптасу дәүіріндегі идеялық-творчествалық мәселелерін зерттеймін деп қалың ортке кездестім. Жалпы ой ағынын құптағанмен, біздер бір кебісті екінші кебіске кигізіп отыруға мейлінше шеберміз ғой. Жоқ жерден шыбық жүгіртуден алдымызға жан салмайтын шығармызы. Және оны қызықтап тамашалауга келгенде уақытпен де санаспаймыз, тайлыштықтың сол дау-дамайдың ортасында «үріт, соқ» деп тұрмасақ, ішіміз кебетін сияқты. Менің диссертация қоргауым осыған жақындал-ақ қалған еді. Мұхан мен Сәбен айттыспай «бейбіт тарайтын» ыңғай байқалғанда Академияның кіші залын көрген пәнделердің жартысы салы суға кеткен адамдай мойындарын саябыратып, шығып бара жатқандары қызық көрініс болып еді.

Бұлар сырт көрінісі болса, енді мәселенің ішіне кірсек өз басымнан өткен ірі оқылардың біразы «Ескірмейді естелік» деген 1994 жылғы кітабымда жарық көрді.

Диссертацияма бірінші оппонент болған С. Мұқанов өзінің пікірінде жалпы әдебиеттің туу шағында талай қателіктер жіберілгенін, әсіресе С. Сейфуллин «коммунизмге тұра жол тартқан бетінде әлде қалай сүрінгенін», ал «Майлиниң қатесі Сейфуллиннен теренірек» болғанын, «С. Донентаев алашорда мәселесінде Майлиннен де ауыр аласып», совет әдебиетіне келгендігін сатылап айтып келеді де, бесінші бапты былай тұжырымдайды:

«М. Әуезовтің советтік тарих алдындағы кінәсі бұлардан әлдеқайда ауыр. Егер оның 1932 жылы баспасөз бетінде жарияланған хатына сенсек (сенбеуге дәлеліміз жоқ және расында да сондай), аталған жылға дейін ол марксизм-ленинизм жолына саналы түрде қарсы бол, сол жолдың өркендеуіне бөгет болуга тырысқан кісі. Бұл шақта Мұхтардың қаламынан сыншыл реализм бағытында жазылған «Қорғансыздың күні», «Жуандық», «Қараш-қараш» сияқты шығармалар тузырас, бірақ жарияланған хатта Мұхтардың өзі айтқандай, негізгі шығармалары бұлар емес, ленинизмге қарсы жазылғандары.

Бұл мәселеге көңіл бөлмесе де болар еді. егер тарихи шындықты бүрмалау, біз оппонировать етіп отырган диссертанттың ғана қателігі болса. Бұл қателіктің тамыры – 1958 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» деген кітапта жатыр. Оның 281-бетінде 1932 жылға дейінгі кінәсін «солқылдақтың көзқарасы» деп деп қана бағалаған. Бұл баға 1932 жылғы хаттарында Мұхтардың өзіне-өзі берген бағасына қарата-қарсы. Біз, әрине, Мұхтарды орынсыз және дәлелсіз қоргаушыларға емес, өзіне сенеміз.

Рас, Мұхтар қазір совет әдебиетінің қадірлі адамы. Оның «Абай» атты романы зор баға алып, совет әдебиетінің классикалық қорына қосылды. Бірақ бұған қарап, оның айыбын бүркеуге болмайды. Марксизм бағытында жазылған тарих тек тарихи шындықты ғана жақтаіды.

Аталған кемшиліктері бола тұра бұл еңбегі үшін Тұрсынбек Қекішевке филология гылыминың кандидаты деген атақ беруге болады.

Академик Сәбит Мұқанов  
10/ XI – 1959 ж. Алматы

Сәбененің осы пікірі келіп түскеннен кейін бәрімізден де береке қашты. Әсіресе гылыми жетекшім Есмагамбет Үсмайылов мазасызданды. Қағаз жүзінде айттылған пікірді айттыс-тартысқа айналдырып алмау жағын ойластырудамыз.

Мұндай сақтақ жасаута көптеген жайлар себеп болды. Мұханды едден ерек жақсы кореміз деп жарбандаушылар құрыққа сирек байтап, жаяу өсекті боратты-ай кеп. Оның кейбір көрінісі партия жиналышында да байқалды. Диссертацияның коргалмауын тілегендер едәуір болды. Олардың негізгі дәлелі – қазақ әдебиетінің екі классигін осы диссертация үстінде сүзістіріп алмайық деген «қамқоршы» ой.

Жылдық есеп беру жиналышында сол кезде партия бюросының хатшысы болған

Ысқақ Тақымұлы Дүйсенбаев жасаған баяндамасында менің диссертациямда ұлтшылдардың аты аталды, сондықтан ол бружуазиялық обьектизмге іш тартады. Оның шыққан төркіні – Е. Ысмайлотовтың басшылығы деп мәселені насырга шағыра сөйлемді. Бір оқпен екі қоянды бірдей атып алмақ. Баяндама аяқталғаннан кейін сұрақ қойдым.

– Ысқақ Такимович, есепті баяндамада менің диссертациям жаһындағы пікір партия бюросының шешімімен айтылды ма, жоқ...

– Филологияғылымдарының кандидаты, бөлім менгерушісі Ысқақ Дүйсенбаевтың пікірі, – деп мақтана жауап берді.

– Онда көп раҳмет Сізге, – деп орныма отырдым. Партиялық қорытынды емесі белгілі болған соң, қоңілім едәуір орнына түсті. Өйткені ғылымға саяси мәселе араласқан уақытта көп нәрсениң жөн-жосығы бүлініп шығатыны белгілі.

Ысекенің пікірін қостап, әрі қарай дамыта түскен жан болмады. Ауыздан шыққан ой – атылған оқ; тисін-тимесін жаңғырығы құлақта қалады. Қөзделген адам, соз жоқ, сескенеді. Жиналыштан шыққан соң Мырзабек Дүйсенов екеуміз Есақанды үйіне дейін шығарып салдық.

– Үлкен адамдардың баладай алданып қалатын сәті аз емес. Тегінде, Мұхаңның нанар кезін дәл басқан ғой біреу, – деді Мырзабек.

– Мыналардың алдын алмаса болмас, нақты іске кірісе бастапты ғой өздері, – деді Есақан. Мұқаңмен кездесүте, диссертацияда жазылғандарды түгел оқып беруге кеңес берді.

Мұхаңның институтқа келген сәтін бағып, қабылдауын өтіндім.

– Сағат сегізде кел.

– Кешкі ме?

– Немене, сені қонаққа шакырып тұрмын ба, пәлі! – деп Мұхаң етжеңді мұрнының оң жақ етегін саусағымен тартқытай бұрылып кетті. Жауап қатқыл. Мұхаңның қоңілін біреулер теріс бүрганы әлгі сөзден аңғарылғандай. Енді не істесем дауа. өзі тауып алған аурудың емі болмайды деуші еді, сондай бір кеселге кезіктім-ау тегі деп салым суға кетіп үйге келдім.

Түн бойы үйқы жоқ, әрқылды ойлар араша талаіды. Сағат алтыда диссертациямды құшқаңтап үйден шықтым. Аяғымды санап басамын, уақыт өтпейді. Тұра сегізде Мұхаң ауласына жақындаі беріп ем, ар жақтан есік ашылады. Қақпаны ашып, ішке кіргізді. Жұмыс кабинетіндегі стол бетіндегі қағаздар манадан бері жазылып, амалсыз додарылған көліктей болып жайылып жатыр. Қысыр да мардымыз әңгімемен ұлы жазушының жұмысына кедергі жасағанымды сезгендеймін. Шешінген жанмын, енді саудан қашар жайым жоқ.

– Ие, нендей әңгімे еді. – деді Мұхаң маган сынай да аяй қарап.

Мен азғана кіріспеден сон диссертациямның белгілеп қойған беттерін аштым.

– Неше бет? Көп екен ғой, оқтуға уақытым жоқ, – деп мені тағы да тығырыққа тіреп қойды. – Сол жазғандарынды ауыз екі қыскаша айтшы, білейік.

Осындаі кезде кейбіреулер сияқты азын көптей, болмашысын таудай етіп сөйлейтіндердің дағдысы жүқпағандықтан талай олық жеп жүрмін. Жылмандауды да білмеймін, сөзімде шотаяқ едәуір болса керек көбіне өзім ілігемін, кейде біреуді байқамай іліп кетемін. Сөзімнің бас жағы жайсыздау басталды ма, әйтейір Мұханниң қабагы кезек-кезек көтеріліп, қолы мұрнына барып қала берді. Не де болса төтесінен тартайын деп негізгі пікіріме ойыстым.

В.И. Ленин өзінің Толстой жөнінде жазған мақалаларында бір кеменгерлік ойды. Яғни жазушының көзқарасы мен творчествалық тәжірибесі арасында қабыспай жататын сәт, тіпті қайшылық кезігіп қалатын кезі болатындығын білтірлікпен айтқан ғой. Осындаі жайды мен Сіздің 20-жылдардағы әңгімелерінізден байқаймын деп ем:

- Е, пәлі, иә, иә, – деп Мұхан өрындықты сықырлата қозгалып қойды.
- Орыстың XIX гасырдағы классик әдебиетінде қолданылған көркемдік әдісті, бізде Абай орнықтырған сыншыл реализмді басшылыққа алып, қалам жебегенің көп шығарманыздан көрінеді. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Жуандық» әңгімелерінде осы әдістің іштей түлеуі бар, ал «Қарааш-қарааш оқығасы» түсінде ашу-ызыға бұлықтан өжеттікті саналы құрескерлікке айналдыру тенденциясы қүшіне түседі. Сіз қолданған сыншыл реализм жаңа шындықтың аумағын толық қамти алмай кібіртікейді, біртіндеп, сатылып, баспалдақтап социалистік реализмге ұласуға беттегені байқалады, – деген кезде, Мұхан мені жаңа көргендей тесіле қарап, арасында қозгалып қойды.

– Шындыңда солай еді ғой. Дұрыс көргенсін. Саясат пен эстетиканың тізгінін бірдей ұстай білгенге баяғыдан-ақ көрінер жай еді ғой бұл, – деп Мұхан терен ойға батқандай кейіпке түсті. Сөзім көздеген нысанана дәл тигеннен кейін, жазған ой-пікірімді түгел айтып шығуға бекідім. Не деп жазғанымды білсін, кейбіреулердің әдейі бұрмалағанын сезін деп ойладым.

– Әрине, газет-журналдарда жарияланған мақалаларыңызда әрқылы түсінетіндей ойлардың кездесетіні жоқ емес, ал творчествалық тәжірибеңізде, көркем әңгімелерінде бүтінгі шындық біртіндеп орнығып, қанатын кенге сала түскен сайын заманға ұласу тенденциясы қүшіне берді. «Хасеннің құбылысы» – осының айғағы. 1932 жылғы ашық хатыңыз шындық күшімен, ар әмірімен, үлкен сеніммен жазылған дүние.

Ол хатқа дейін сіз өз творчествоңызда социализмге әбден іш тартып, анда-сандаға сыртыңызы қампайтатын қүйге жеткенсіз.

– Пәлі, пәлі, сен өзін терен казыпсың ғой. Мынауың қазақ аузына түсे қоймаган ойлар. Дұрысы да, шындығы да солай болған. А. Толстойлардың да осындағы өткелден откениң аңғардың ба? Олардің етеп басқалау, бірақ... – деп Мұхан бірқызыру жайларды өзі таратып берді. Шұлғы тыңдал, балаша алаңдал, енді шындыққа түсініп отырған ұлы жазушыға қызыға қараймын, қуанышым қойныма сыймай барады. Мұхан Сөкеннен бастап көп жазушыға өзінің қандай қөзқарасы барын айта бастады.

– Октябрьдің 40 жылдығына арналған баяндаамады тыңдал па ең, сонда айттым ғой біразын.

– Диссертацияда сол ойлардан еріс алатын кезім жоқ та емес.

– Дұрыс істегенсін. Есті адам солай жасағаны жөн. Өсіресе бәрін өзім таптым, өзім айттым деп кеүде согар көже қырттар көбейіп барады. Ешкімге елпілдемей, жалынып-жалбандамай жүргеніне сырттай риза едім, мына пікірлерің қомақты екен, шырағым. Ешкімнен де именбе, жақтаушы болмаса да қалыс қалатынына сене бер, үндемейді ешкім де, – деп Мұхан бірден ақтарылды.

Куанғаным соншама, жолшыбай Есақаң үйіне соқтым. Азанғы тамаққа отырған беттері екен.

– Кеменгер ғой Мұхан! Әттен кім бұрын лайтса, соган құлап қалатыны бар. Және онысы ұзаққа бармайды, – деп Есақаң көтеріліп қалды.

Аман-есен қорғап шығып, енді «Октябрь өркені» деген кітап шығарайын дегенде арызқорларға тап болғанымды аңғарған шығарсыздар. Тұңғыш кітабым шығарда көрғен қорлығымның есесін қайтару үшін емес, бүтінгі қазақ әдебиеттандырылымында орнықкан «сыншыл реализм дәстүрінің алғашқы қыны» кезде қалай тәлтіректей бландалғанын көрсету үшін сол диссертациядағы ойымды сол кездің тілі, танымымен қазіргі оқушыға қайта ұсынуды дұрыс көріп отырмын. Өйткені ұлы дарындардың откени жолыға емес, жүрген соқпақтарының өзі қаншама қасиrettі болғанын бір көрсек. М. Әуезовтей кеменгердің шын суреткерлігінің мәнді бір қырын жазбай тануымызға мүмкіндік туады. Әрине, шын данышпанды «ұлы, керемет, данғайыр-т.б. дегенге де сенеміз ғой, бірақ оның асқан асуын мөлшерлеп, кімнің кім екенін

танытып тұратын дүниелерден артық мақтау сөз. мадақ болмайды. Мен білетін ұлы М. Әуезовтің көркемдік ізденісі адамзатты адастырмаған асыл шындықтан. Әмірді шынайы қалпында суреттеуге талпынған жазушылықтың бірден биік шынынан көрінү синшыл реализм әдісіне байланысты болды, соны дұрыс бағдарлай алсақ, қазақ әдебиетінің қашшалықты құнтарлы екенін үғынамыз Әлем әдебиетінің қатарына өз үлгімізben, өз тұлғамыздан қосылып отырганымыздың бір белгісі осы болмақ.

«Мұхтар Әуезовтың творчестволық сапарының әрқылы өзгешеліктері бар. Ең алдымен, М. Әуезов, әдебиет әлемінде ескі дүние күйреп, жаңа заман енді ғана қанатын жайып келе жатқан ең бір қының-қыстау кезеңде бой көрсетті.

М. Әуезовті суреткер ретінде сақтап қалған және оны қазақ совет әдебиетіне еріксіз алғып келген арна – синшыл реализм. «Қорғансызың қүнінен» тартылатын бұл желі «Оқыған азамат» (1923) арқылы өтеді де «Жуандыққа», «Қараш-қараш оқиғасына» (1927). тіпті қала берді 1933 жылғы «Хасенің құбылыстарына» дейін тартылады. Автордың творчествосында өзіндік белең болған бұл шығармаларды терең үғынудың ерекше мәні бар. Өйткені қазақ совет әдебиетінің өркендеу процесінде тек идеялық күрестер ғана емес, әр алудан стильдің болғандығын айқындалап алуга мүмкіндік береді.

Синшыл реализмнің қандайлық дәрежеде болғандығын аңғарту үшін М. Әуезовтің «Жуандық» атты әңгімесіне тоқтап, оның қандай ерекшелігі барын анықтайық.

«Жуандық» бас-аяғы жинақы, көркемдік мотивировкалары көздеңген нысанага дәп тиген, автордың позициясы айқындалған, тұжырымы нақтыланған, синшыл реализмнің дәстүрінде жазылған әңгіме. Әбіш пен Құрман, әсіресе Жақсылық сияқты кейіпкерлер көркем образ дәрежесіне дейін көтерілген. Оң екі бет қолеміне сиған осы әңгіме ірі байлар мен феодалдарды конфискілеудің алдындағы қазақ ауылының тіршілігін айнаға түсіргендегі толық қамтыған, әлеуметтік күштердің ара салмағы, қарым-қатынас тараулары да қалаудың тауып сюжеттің өн бойынан орын алған.

Әңгіменің мазмұны: сайлау кезеңде әмірі қарсылық көрмей, ен жайлап келе жатқан Әбішке кеше ғана өзі «отау» беріп шығарғандай. Қарадырың Ақөзегінен жер боліп берген, «жер емшегін ему» арқылы қонданып, мұқтаждықтан құтыла бастаған. алдына төрт-бес қара салып етегін жапқан, өз қолы өз аузына жеткен соң маңайындағы кем-кетік, жетім-жесірге қарасқан Жақсылық «бір старшин қоңырдың арасында шолақ партия болып» Әбішке қарсы шығып, женіліп қалды. Құні түсуден қалып, енді бас көтере бастаған кедейдің – Жақсылықтың мінезі Әбіштің жүргегіне беріш бол байланады. Қарсы шыққанының қарымын қайтаруды ойлайды. Мұны Жақсылық сезеді, бірақ оның қастандығы қай жақтан соғары мәлім емес. Егіні пісіп, ел күземге отырар кезде қыр көрсету емес, кек алу үшін Әбіш Ақөзектің желкесіндегі қияға қара қарғаша қонып алады. Пішен шабудан қолы тіметеген Жақсылық Әбішке сәлем беруді екі-үш құнға кешіктіріп алды. Бұл Әбіштің «жынына» тиңді. Әмірді беріп келіп қалды. «Тапа-тал түсте жүз қаралы жылқы шеттегі бір жер ақ бидайына емін-еркін кіріп алғып, бырт-бырт үзіп талқандап жүр». Жылқы пыр-пыр пысқырып, басын алмай жұлдып жатыр. Адал еңбек, мандай тері, қызыл қарын жас баланың көзін сүзіп отырганы құлталқан болып, жогалып барады. Жаздайғы үміт пен тілектің өшкені осы болды.

Ауыздан ашы зар мен қарғыс араласып айғай шықты. Көзден бұла болып жас та акты. «Қорлық-ай, қорлық-ай. Әй, өлеін, сенен келген керді көрейін» деп айғай салып, Әбішке сәлемге келе жатқан Жақсылық егіндегі жылқыны дүркірете қуып, «іріндей екі семіз атты» барымтага алғып кетті. Хабар екі жаққа да жетті, ашынған Жақсылық Әбішке жүгініп, ақы алуды көздеді. Әбіш әділдікке жығылудың орнына, Жақсылықтың арқа-бауырын бірдей қамшымен тілгізді. Құрман мен Әбіштің қол шоқпарлары – жарамсақтар байлаулы тұрган екі атты әкеткенімен қоймай, Жақсылықтың қатын баласын зарлатып кетті. Таяқтан есекіреген Жақсылық «ұлықа

бар. мұныңды шақ, өл. өлмесең өшінді ал» деп зарлап отырган қатынының сөзін естігенде ақылы орнына түсіп, милицияға шапты. Әбіш пен Құрман айдан алғынан, абақтыға жабылды. Мерейі үстем болған Жақсылық «енді сол екеуінен не көрсем де арманым жоқ, әйттеуір кегімді бір алдым, ырзамын, ырзамын... Кеңесім, баяғыдан білсемші. – деп жолшыбай келе жатқанда жұз қайырып айтты».

Әңгімені осымен тамамдаса қандай тамаша еді! Мұны кім көркемдік мотивировкасы жеріне жетпей қалды дей алар. Жоқ, автор бұдан әрі өзі ойлаған замысельға жетуден тартынбайды. Әңгіменің реалистік үшінші бөлімін аяқтауга асыгады. Әбіш пен Құрманның түрмеге түскені ел «жақсыларына – атқа мінерлерге» белгілі болып қалды. Олар амал-айлаға көшіп, «ел ішінде қызмет қылып жүрген елеулі оқығандардан начальникке хат алдып», өздері расписке беріп, тапталған егінінің ақысын төлетпек болп екеуін түрмеден босаттырып жіберді. Олар қайтып келген соң, «ел берекесін» кетірмеу, ши шыгармау үшін ел «жақсылары» тағы да кірісті іске. Жақсылыққа дем берген Алтай ауылы деп оны бір шарпып өтті. Төңірекке құрық тасталып, асаулар ауыздықталып, мініскерге айналды. Жақсылықтың айналасы тарыла берді, тарыла берді. Ұзғар мен доңайбат төнен тусты. «Көп қорқытады, терен батырадыдан» әріге Жақсылықтың өресі жетпеді. Әбіштер «Жақсылыққа айтқанын істетті. Желінген егінінің шығынының алмақ болып отырган Жақсылық енді бұрынғы егіндігінің бәрінен айырылды. «Бермесе қайта кел» деген начальникке енді бара алмайтын болды. Ұзын сөздің қысқасы, шығын алу былай тұрсын, егінін жиып алған соң, Ақөзектегі қорасын тастап, Әбіштің жерінен көшетін болды.

«Ұрысы жуан болса, иесі өлдінің» лаяғын құшып, боқыраудың басында, қызыл қарын жас баласын шұбыртып Жақсылық Ақөзекті ықтиярызы тастап көшіп кетті. Қайта барып начальникке шага алған жоқ. Ақөзек оқиғасы ел ортасында жабулы күйінде қалды.

Социалистік рәализм түрғысынан қаралғанда бұл үшінші бөлімнің артық екендігі аңғарылса, сыншыл реализм түрғысынан бұл болмаса алдыңғы бөлімдер ай айдалада қалғандай. Сынау, әшкерлеу тенденциясы қандай ашық, қандай нағымды болғанымен социалистік реализмнің күрес жолын нұсқау, келешекке үмтүлу, мақсатқа жету тенденциясы үшінші бөлім арқылы жоққа сайылды. Қоғамдық даудың барысы, негізгі идеялық желі сыншыл реализмнің аясында қалып қойған. Қазақ еңбекшілерінің өмірін суреттеген уақытта Әбіштердің Жақсылықты жерінен қуу жалпы даудың бағдарынан тумайтындығын және өмір шындығының негізгі тенденциясына қайшы екендігін ашық айтуда керек. Кейбір жерлерде бұл сияқты жуандық істелгені болсада, жалпы қоғамдық дамудың алдын бара жатқан беті көрісінше еді.

«Көркем шыгарманың негізіне жалған идея алғынған уақытта, ол идея сол шыгарманы ішкі қайшылықтарға душар етеді. соның нәтижесінде ол шыгарманың эстетикалық қасиетіне, соз жоқ, нұсқан тиеді» деген Г.В. Плеханов пікірін «Жуандыққа» жанастыра айтуда әбден орынды.

Қазақ әдебиетінде сыншыл реализм дәстүрінің сілемдерін әңгімеледің екі түрғыдан мәні бар. Бірінші, 20-жылдардағы көркемдік тәжірибеде болып жатқан ізденіс-талпыныстың сырына үніле алмай, оның теориялық сыр-сипаты неге байланысты екенін ұға алмай көп қателік жібергенімізді айтуда бір болса, екіншіден, культ тұсында еркін ойлау мүмкіндігінен айырылғандар, кешегінің бүтінгіге азық, дәстүр жалғастығы екенін ұқпагандар сыншыл реализмнің принциптерін өзінің шыгармаларында жетілдіре қолданған авторларды құнға батқандай, қателік жасағандай сезінетін. Сыншыл реализммен жанаңдан дарындардың творчестволық келбетіне дақ түседі деп қарайтындар гылыми ортада жиі кездесті. Ескілікпен күресуді ең негізгі идеялық-көркемдік шартқа айналдырып, кешегіден безеуіміз керек деп үққандар әдебиет әлеміндегі көркемдік құбылыстарды дұрыс таразылауға, тәжірибеде қолдануға мән берmedі. Соңдықтан жаңалықты ізденістің сырын дұрыс аңғарып алуға көп қындық жасап келді.

ХХ ғасыр басындағы өмір сүретіннің әдебиеттегі келбеті мейлінше керагар болғандығы Ж. Тілепбергенов, М. Дәuletбаев, С. Дөнентаев, Б. Майлин, әсіресе М. Әуезов пен Ж. Аймауытов өнерпаздығын ғана емес, бүкіл бір әдебиеттің қандай ізденіс жасап жатқанын пайымдауга, кейбір ақын-жазушылардың творчестволық бағыты мен келбетін дұрыс айқындауга мүмкіндік береді. Тарихи шындықты саясаттандырып жіберу әдебиетке де, оның жеке өкілдеріне де зиянын тигізді. әдеби процестің шын сырын, қалыптасу жолын ұғтуға кедергі келтірді. Сондықтан қазақ әдебиетінің революциядан кейінгі даму процесінде сыншыл реализм дәстүрінің сілемдері сақталғанын көрмейміз, білгіміз де келмейді деп жүргенде ұлттық өнерпаздығымыздың құнарлы топырақта өсіп-өніп, өзінің көркемдік дәстүрін жасап жатқанын, дүниежүзілік эстетикалық даму барысында өзінің ерекшелігімен, көшпелілір мәдениетінің жарқылымен көрініп жатқанына теориялық тұрғыдан қарай алмадық та басқалардың айтқанына көндік аузына қарадық. Өзіміз теориялық қысын айта алмайтындағы күй кештік ондай ізденістің ұлы көрсеткіші – А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабы жаулық, ұлтшылдық піғылда жазылды деп маңына жоламадық, тарихта болмагандай көзді жұмып алдық.

Тіпті өнгені былай қойғанда осы сыншыл реализм туралы 20-жылдары А.Байтұрсыновтың «Сындар дәуірі» деп атағанын ұмиттық. Сындар дәуір дегеніміз «шығаруши өзі жазушы, өзі сыншы болған уақытта шықкан мағыналы сөз. Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл қасиеті сырын біле бастады. Сөздің осындаи сырын білу – сын білу болады... Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтуши да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды, олай болғаны – Абай асыл сөздің айқын нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса сөз сипаттарын айттып та жүртты хабардар қылды» («Ақжол», 446 – 447) деген өнімді де ғылыми таным-білік екені даусыз. Олай болса, өзіміздің даму жолымыздығы отжалар мен шығындарды, пайда мен зиянды қоса есептей білсек, қазақ әдебиетінің көркемдік арсеналында құнарлы дәстүрлердің мықты өріс алуға мүмкіндігі бар екендігін көреміз.

Кітап бетінде соғыс ашқандардың соңғы тарауларға нақты айтар талаптары да азайған сияқты. «Қазақ совет поэзиясының әдебиет тарихын дәуірлердегі орны» деген тарауда Магжанның «Батыр Баяны» мен Сәкеннің «Көкшетауынан» орбіген өнер бәсекесі, көне тақырыпты әдемі де әсерлі жырлағанда бүтінгі күнді өткен кезең ұмарлап бара жатқан сияқты боп көрінді және де «қызғаныш отын» әдейі өршіте түсейін дегендей, бұл шыгармалар идеялық жағынан ірілі-уақты қателіктері бола тұрса да, көркемдік жағынан ұтымды шығып отырды» дегенді сұр қарындаш «теріс әдіс» деп жазыпты. Ал оның өтірік-расына жаңа өздерініз күә болыныздар. Ал 148 беттегі «ойрат» деген халық атауы көкшіл сия қарындашпен айналған қоршалып «жөнделеді, горно алтайский» деп астын бір-ақ сыйыпты. Бұл тараута соғылған басқа белгі, ескерту жоқ.

Ал «Творчествоның құштерді ұйымдастырудың кейбір мәселелері» деген тарауда баяндалған принципсіз айтыстар, әсіресе «Сәбіттің Илияс пен Рабитке, Фаббасқа, ал Илиастың Сәкен мен Сәбитке қарсы, Рабиттің бір жағынан Сәкен мен Сәбитке, екінші жағынан Фаббасқа қарсы айтыстары қазақ әдебиетіне зиянын тигізді, өшіп келе жатқан жікшілдікті қайта өршітуге әзер-ақ қалды» деген тұсты қара қарындаш иесі қисаландаған қос сыйық салыпты. Ал «КазАПП-тың қателіктері мен кемшіліктері» деген болімнен принципсіз жіктердің болғандығын, «марксік-лениндік идеологияның айбыны кей уақытта мұқалып, тазалығы сақталмады» дегенге белгі соғып, «Еңбекші қазақ» газетінің редакциялық мақаласында «соңғы жылдарда алашорда жазушылары әңгіме, өлең, сын жазбаса, байдың агенті Смағұлдар (сәдуақасовшылдық) үндемеуге айналса, сонымен байшылдық, алашордалық біте қалған жоқ. Күрес те тоқталған жоқ» деген тұсқа қара қарындаш ұзын белгі салып, «байдың агенті Смағұлдар» дегеннің астын сыйып қойыпты. 180-бетте қара қарындаштың соққан жеті белгісі

бар. Кейінгі беттерде қалам-қарындаштың ұшы іліп кеткен, назар аударуды қажет етпейтін белгілер кездеседі.

200 беттік кітапты мұқият оқып, талай үақытын шығындаған сұр қарындаштың несі «Х.Е» «мол материалды игере алмаған елсіз еңбек. Қоң жерлерінде қате пікірлер бар. Кең толғанып, терен ойларды керексінетін ігі тақырып оте-мөте ат үстілікке айналған екен. «Х.Е» десе, көкшіл сия қарындаш «Теріске бүрмай, шынын айту керек! Багалы еңбек!! Осы күйде өзгеріссіз шығаруға болады!!! F.M» деп тауыпты. Сонымен қарындаштар соғысы аяқталып «Х.Е» мен «F.M-ды» анықтау міндеті күн тәртібіне қойылды.

Осы ұзақ сонар хикаяның баяндалуы менің көрген теперішімді айтып, маган мұсіркеу сезімін тудырысын дегендік емес. Шынтуайтына келгенде алаш қозғалысы, оған қатысқан қазақ қайраткерлері, әсіресе ықпалы күшті ақындар мен жазушы, публицистердің шығармалары қалайша совет заманында жауыздықтың, жаңа заманға қастандықтың, өлшеусіз зұлымдықтың символына айналып, елдің, әсіресе төрлердің зәресін ұшырып, есін шығарғаны анық. Олардан қалған сөз, өнегенің, бәрі әсіресе, қазақ халқының сана-сезімін улайтын, ылғы қысастыққа апаратын, адамгершілкten аздыратын, кесаптқа бастайтын әрекет деген түсініктің қалай қалыптасқанын әткен тарихымыздың алыс өнірлерінен іздемей, совет кезіндегісінің өзінен тарамдата айтсақ және оны өзге емес. өзіміз қалай даурықтырып, өш алудың, шенге ие болудың амалына айналдырып алғанымызды, қалай сөйлеп, айтып-жазғанымызды көрсете кетсем, елдің санасты тарихпен, әткен оқиғалармен тәрбиелеудің қандай қындыққа түскенін көрер едік.

Тарихи шолу барысында 50-70 жылдарда қолына қалам алған, әуелі үлтшылдықпен күресте белсене көрініп «мандат» алғандарды, я болмаса саясатшылдыққа салынып, күн көргендерді жіпке тізейін деп отырган жоқпын.

Ұақыт шіркінінің әлекке салары көп екен гой. Төрт беті жыртылып, түзетілген кітап данасы өз кітапханамда болмай шықты. Талай таныс, іні-қарындастарыма телефон соғып сүрадым. Осыдан 46 жыл бұрын шыққан кітап қайдан сақтала қойсын, мемлекеттік не өзіміздің университет кітапханасынан таптырып алармын деп жаңа жыл мейрамы мен рождестволардың етуін тосып жүргенде Сәбит Мұқанов кітаптары тұратын тартпадан «Октябрь өркениң» көріп, қуанып кеттім. Ондағы қуанышым – кітапханаларға бармай, жазуымды жалғай беретін болдым гой деген қариялық көніл гой. Әлті кітаптың жыртылған беттерін іздей бастасам тағы да біреудің оқып, қою қаракөк қарындашпен белгі соққанын көріп, екі жұз бетті түгел ақтарып шықтым. Жасаған қорытындым мына қою қаламмен қаракөк емес, енді қарындаштың соққан белгілерге назар аударғанда сұр қарындаштың ізімен жүргендей әсер қалдырды. Тегінде осы сұр, қаракөк, қара қарындаштардың иелері бір-бірімен ақылдасып, белгі соғып отыруы да ғажап емес ау деген ой да қыландалап отыр. Әдette жамандыққа барған, яғни біреудің үстінен арыз жазған адам сөзін, ойын өткізу үшін жақтас, ниетес тауып алуға ынтызар болды-ау тегі.

Бұл дананы тегінде маган жаны ашыған не лито төңірегінде жүрген қызметкерлердің біреуі берген болар, қазір есіме түсіре алмай отырмын. Әйтеуір достық ниеті бар адамның «архивында сақтап қой» деп бергені гой деп бетіндегі белгілердің мәнділөрімен таныстырып кетейін. Магжан өлеңінің :

Дала, дала сар дала

Бейне өлік айнала, –

деген екі жолын әлті қою қаракөк қарындаш сол жақ шетінен жақшага үқсата баттита сзызыпты.

Ал 24 бетте «1923 жылы 17-22 наурызда Қазақстан облыстық (кейін өлкелік б.к.) партия комитетінің III конференциясында Мәскеудегі Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы Е. Ярословский келіп, баяндана жасағанда С. Сейфуллиннің

«Азия (Европага)» деген өлеңін қатты сынап, бұл марксизмге жат үлтшылдық, паназияттық ұстанымда жазылған шығарма, қазақ коммунистері арасына үлтшылдық өрті жайылып бара жатыр деп нығырта айтты. Бұл айыпты қабыл алмagan 14 қазақ коммунистері жазбаша түрде қарсылық жасап, конференцияның дау-дамайын күштейткенмен. Мәскеуден келген Е. Ярословский Қазақстандағы «үлтшылдық» аурудың себебін таратады деп, бұлжымас, қайта өріс берер түсінікке айналдырып кеткенді. Оған дейін етеп арасы ашыла бастаған қазақ зияялтыры үлтшылдықтан басқа шовинистердің шыбық жүтіртуімен оңшыл, солышыл деген дөртке шалдықты. Оны қиналмай, именбей таңбалай салатын күйге жеттік». Міне осының мән-жайын әңгімелеген 24 бетті әлгі қою қара көк қарындаш бүйірінен тұтастыра сыйыпты. Бұл конференция алдағы баяндауда әңгіме болып қалуы ғажап емес, өйткені Мәскеудің бізге соғар таңбасы әрқашан «үлтшылдық» деген атақ күні кешегі 1986 жылғы жастар көтерілісіне «Казахский национализм» болып басылды гой.

27 беттен бастап әлгі қою қарапек қарындаш тасқа басылған цифрдың үстіне қайтадан жазып, 28, 37, 40, 41, 42, 64, 82, 83 деп қойыпты. Бұл аз болса Мұхтар Әуезовтың 20 жылдардағы әңгімелері туралы баяндалатын 93-103 бетті тұтастай, 191 бетті белгілеп тоқтайды. Оnda D. Бедныйдың өлеңінде аталатын Троцкийдің астын баттита сыйыпты. Мен осы беттердің қатталуынан секем алып отырмын, анау жыртылған беттер осылардың арасынан табылар болса, онда домалақ арызды жазған адамның белгілері болып шығуы да ғажап емес. Тіпті бар пәленің бастауы осы жаңадан табылған дананың өзі болып жүрмесін, оған көзім анық жетпейді.

Мейлі, неге көнбекен біздің бас, әрі қарай жылжылдық. 34 бетте тағы да аумағы жарты беттік жақшаны қарапек қарындаш салып, Троцкий пәленін атын тағы да баттита сыйыпты.

35 беттен көрінер-көрінбес деңгейде қара қарындаштың сыйықтары Аймауытов. Сәдуақасов, Ходжановтардың атын атау кінәдеги имене сыйыпты. 37 беттегі Аймауытов есімі қою қарапек қарындаштың ұшына ілініпті. 40 беттегі сілтемені «М. Жұмабаев дегеннің бас әріптері» дегенді қою қарапек қарындаш 40 беттегі санмен таңбаланыпты. 44 бетте «Троцкийді» тағы бір сыйып. КазАПИ-ты құргандарды айыптаі келіп, «казақтың пролетариат бағытындағы әдебиетін жасауга болмайды, өйткені «Ә, құдай, пәле-жалаңнан, жұтыңнан сақтай гер!» деп күннің көзіне қарап, көктен жақсылық күтіп отырған елдегі жаман тымақты қыруар кедейге машина әдебиетін үқтүруга келер ме еken, оларың «айға шапқандық» немесе «сақалын бояғандық» емес пе? деп сөкті» деген түсқа қою қарапек қарындаш әкесінің құны қалғандай нығырлай сыйғанына жіңішке қара қарындаш қосарланыпты. 56,64 беттерде қарындаш іздері асіреле «Аймауытов-есіміне соғыла беріпті. Ал 83 бетте «С. Мұқанов XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1932 ж. 352-353 беттері» дегенді батылы жетпей сыйыпты. Бұл кезде С. Мұқановтың осы кітабы әлі ақталмай, литоның қапас түрмесінде жатқанын анық біле алмай ойлана сыйғаны болар. Ал 93 -103 беттер М. Әуезовтың 20 жылдардағы әңгімелерін, 119 бетте С. Мұқановтың Сәкен жаңашылдығын айтқан түсқа қою қарапек қарындаш ризалықпен не ызалықпен болсын жалпайта сыйып, бүйіріне «Х» белгісін соғыпты. Тіміскілегенің жөні осы еken деп Мырқымбай образын жасардағы «Бейімбеттің әдісін азсынатын болсақ, Твордовскийдің Василий Теркинінің жасалу жолын» біліп алайық дегенге сұрап қойып, сөздердің астын сыйыпты.

Бір ғажабы әлгі қою қарапек қарындаш белгі салу жөніне келгенде ештеңеден тартынбайтынын анғартқанмен, алайда әkkі ку екенін сездіріп қоятын сияқты. Өйткені бірде-бір жерде өзінің пікірін қағаз бетіне түсірмепті. Ал қазіргі заманда қолтаңба кімдікі екенін айырып алу қындыққа түспейтінін білетін тіс қаққан, әбден машыққан күдың әдеті демеске шараң жоқ.

Жалғасы бар.



Тұрсынбек  
КӘКІШҰЛЫ

# Азапты абыруй



МЕДЕНІ МИРА

Ахмет Байтұрсынов сол кездегі большевиктерді «Қазақ қаламгерлері жайынан» деген мақала жазды. Ол «Еңбекші қазақ» газетінде шықты. «Қазақ баласын ұлттым, жүрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың қалам қайраткерлері Октябрь революциясынан кейін интернационалдық (бібауырмалдық) жолға түсे алмайды... бояумен түсін өзгертіп, ия түленмен түгін өзгертіп, бібауырмал бола алмайды. Сондықтан бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ аспай, бұрынғы жолдан таймау керек. Қазақтың сезін қаймықтай сөйлеу керек. Бас өзгерді, бастық өзгерді, тәбе өзгерді, төре өзгерді. Басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық қебеймесе кеміген жоқ. Қазақтың бұрын жегендер әлі де зорлық қызып отыр. Қазақ мәдениеті орысттан кем болған соң жем болатыны сөзсіз» дегенді өзіміздің жағымназдар отаршыл коммунистерге, республиканың бар билігін қолына алған, шовинистік пигылдан арыла алмаған орыс басшыларына үстемелей жеткізіп, күресті бұрынғыдан да қүшептің жіберді. Ахаңың өзін коммунистік партия қатарынан шығарды. Осы пигылды әсіресе Орынбор қаласында жаңымен сезіп, көзімен көрген М.Әүезов Таңкент кетіп, партбилетін почтаға салып жіберді. Ахаңың оқу-ағарту комиссары болған кезінде қазақ зиялыштарын оқу-ағарту майданына, әсіресе оқулық жазу мен шығармашылықпен айналысқан алашибылдарды маңына жинап, советтік жүйеге қастандық жасады деп айыптағандар әуелгі кезде солғындау болса, Голощекин келгенінен кейін мейлінше өршіп кетті.

Ол ең алдымен советшіл болсын мейлі, алашибыл болсын мейлі қазақ зиялыштары мен қызметкерлерінің арасын ашуға, бір-біріне қарсы қойып, іріткі салу саясатын мықтап қолға алды. Болар-болмас төрелік орынға бірнеше адамды таластырып, бірін-біріне әшкерелетті. Тіпті ол үшін газет-журналдар беті ашық болды, сөйтіп жақтастар, жерлестер, руластар, жікшілдер тобы құрыла бастады деп даурықтырды. Келгеніне бір жыл толмай жатып «сөдудақасовщина, ходжановшина, рысколовшина,

Соңы. Басы өткен санда

сейфулинина, мендешевшина» деген «атак-лауазым» емін-еркін қолданыла бастады. Сөзен совнаркомның төрағасы болып тұрганда мекемелерде қазақ тілінде іс жүргізу науқаны қолға алынып, Н.Нұрмақов тұсында мекемелерді қазақтандыру (коренизация) науқанына ұласып, нәтиже бере бастағанда озіміздің жандайшаптарымыз Голощекинмен араздастырып, орнынан кетірудің ыңғайын тапты.

Және осы кезде алаш қозғалысын «ғылыми» жолмен өшкерелеу басталып, А.Богачев пен Мартыненконың алаш туралы зиянды еңбектері жарияланды. 1928 жылдың желтоқсанынан бастап алаш қозғалысына қатысқан 44 қайраткерді тұтындалап, 1929 жылы Мәскеуде тексеріп. 1930 жылдың көктемінде он үш қайраткерді атуға кесіп, өзгесіне әркілі мерзім белгілеп сottады. Жұсіпбек Аймауытовтан басқа ату жазасына кесілгендер кешірім сұрап, Беломор-Балтық каналын қазуға 10 жылға айдалды. Одан кейін ұсталған лек Воронеж бен Украинаға (Валука) жер аударылды. Құдай сақтап, М.Әуезов пен А.Ермеков жаздым-жыныздым деп ашық хат жазып аман қалды. Ал осы жазалауға, құтындауга теориялық негіз табылып, біздің тарихымыз бүрмаланып, ыластанды. Ол ресми құжатпен бекітілді.

1931 жылы И.В.Сталин «Пролетарская революция» журналына хат жазып, тапшылдықты қүшешіту жайында айрықша нұсқау берді. Қазақтарды, әсіресе қазақ зиялыштарын «ұлтшылдық» деген жалған желеумен тұншықтырып, аузын аштырмай келе жатқан пәлеге енді «пролетарлық тапшылдық» деген қосылып, теориялық тұргыдан ғана емес, практикалық жолмен де өріс алды. Екі сөзге келмей ярлық тағу, жаусың деу етек алды. Оны Голощекин Қазақстанға келе сала «партия үйымдарын большевиктендіруіміз, ауылды советтендіруіміз керек» деген ұранмен өткізді. 1932 жылы 10 қантарда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және насиҳат бөлімдері мен қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институты «Сталин жолдастың қатына байланысты Қазақстанның теориялық майдандары күрестің міндеттері туралы» алған қаулысының сырты мүләйім болғанымен, оның жүзеге асуы керемет көп қындықтарға кезіктірді, тіпті 1988 жылғы алаш қозғалысы мен қайраткерлері жөніндегі «қорытындылар» шыққанша бет қаратпай келген құжат болды.

Тіпті «алаш оқығандары (жазушылары) төңкөріске дейін де, төңкөрістен кейін де қазақ еңбекшілерінің, пролетариаттың дүшпаны болды дейміз. Еңбекшілердің досы емес, қасы болды дейміз» («Әдебиет майданы» журналы, 1932, №4, 3 б.) деген түсінік ресми түрде қалыптасты да, бүкіл идеологиялық майданды жаулап алды. Азаматтық, мәдени және әдеби тарихымыз баяндалған уақытта осы қағиданы басшылыққа алу айрықша талап етілді.

Осы мақсатпен жазылған еңбектердің құлақ қүйі, халықтың сана-сезіміне сіңірер ой-пікір қазақ интеллигенциясының ешқандай пайдалы еңбегі жоқ, қайта «став с первых же своих шагов на путь самого тесного союза с российской либеральной буржуазией, алашская интеллигенция...закончила безраздельным служением империализму и контрреволюционной борьбой в союзе со всей белогвардейщиной против пролетарской диктатуры» (Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш Орды / Под ред. Н.Н.Ванаг. 1935. 5 б) деп таңбаланды. Алаш ордага байланысты айғай-шудың барысында қазақ интеллигенциясының талай уақыттан бергі еңбегі заң кетіп, жалғандықтың құрбандығына шалынды.

Әуелде ғылыми қателіктен басталған ой-пікір енді бұлжымас қағидаға айналып, ресми сипат алды. Бұл тұжырымнан басқа ой-пікірдің бәрі саяси-ғылыми қателік деп саналып, құтын-сүргінге түсірді. Жалғыз ұлт-азаттық қозғалысының ғана емес, бүкіл әткен тарихымыздың бар оқиғалары осы қозқарасқа ылайықталып баяндалуға тиісті болды. 1947 жылы «Қазақ ССР ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының саяси өрекел қателіктері туралы» ең бір қын қаулы алынып, бұрыннан-ақ бұрауы мен сұрауы қатты қате қозқарасты мүлдем шығындытып жіберді. Оның аяғы 1950-1953 жылдардагы науқандарға жалғасып, 1937 жылдың ең жаман көріністері галымдар мен зиялыштарға қайтадан қолданыла бастады. Мұндай әкімдік шаралардың дарсқілігі тарихи XX съездің қаулы-қараарларынан әбден әйті болғаннан кейін ККП Орталық Комитеті 1957 жылы «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музика мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оны жақсарту

шаралары туралы» қаулы атты. Оны жүзеге асыру үшін Қазақ ССР Гылым Академиясы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияны 1959 жылы откізгенімен, күзті көзінде қалыптасып қалғанды етепті жамап-жасқаганымыз болмаса, есکі көндегі құрысып тоқырау заманында қайтадан қалпына келді. Кешегіні айтып, жаза бастағанымызды літоның адамдары емес, іс басында отырган төресымақтар мен қызылқөздер жібермейтін. айтқызбайтын дәрежеге жетті. Кейінгілердің үрейшілдігі мен білімсіздігі бұрынғыларды жолға тастап, қаупті сипат ала бастаған шағында әйтереүр қайта құру мен жариялышы заманы жетті-ау.

Осы арада тағы да бір лирикалық емес, өкінішті шегініс жасау қажет деп есептеймін. Ол Мағжанға, оның шығармашылығын бағалауга байланысты мәселе. Қазақ әдебиеттану ғылымына осыдан 40-50 жыл бұрын араласқандар ішінде алашордашыларды, буржуазияшыл ұлтшылдарды былай қойғанда, ұлы Отан соғысына қатысып, толарсақтан қан кешіп, ауыздықпен су ішіп келген Қасым, Қалижан, Әбділда, Дихандардан ұлтшылдық «іздел», 1947 жылғы қаулының екінімен тарихымызды ылайлағандар 50 жылдар басында «қазақ ақындарының керітартпалығы және контреволюциялық ұлтшылдығымен» құреске белсene араласқандары өздерінің жазған мақалалары, шығарған кітаптары өртенбей, жыртылмай сөреде тұрғанын ұмытып кетіп, алаш азаматтарын «тілдеуден аманмын, олар жайында тіс жарған емеспін» деп мүләйімсітіндер кездесуде. Ондайларды кінелауга болмас, өйткені өмір байғұс бұланаған қызыл түлкі рой.

Сәбит Мұқановтың түсінік-талғамын былай қоя тұрғанда, өзінің жазушылық кеменгерлігінің шынына көтеріліп, ел-жүрт айтқанын далага тастамайтын деңгейге жеткен шақта Мұхтар Әуезовтың Мағжан жайындағы 1957 жылғы пікірін естик, ұзақтау болса да жазғанын оқып.

«Сол кездерде орыс мектептерінде толық білім алған кей қазақ ақындары Шоқан, Абай, Ұбырай тәрізді адамдардың алдыңғы қатар реалистік дәстүрін өздеріне үлгі етпейді. Оның орнына Октябрь революциясының алдында Россиянда болған декадент ақындарға еліктейді. Үлгі етіп алғандары Бальмонт, Мережковский тәрізділер болды. Мысалы, буржуазиялық ұлтшыл ақын Мағжан Жұмабаев Бальмонтқа еліктеп: «Я, ветер, я вольно вею» деген жолды қайталап қазақша: «Мен жемлін, жеддей есемін» дейді. Немесе Бальмонт жазған бір өлеңінде: «Смерть, убаюкай меня» десе, Жұмабаев та: «Мені де өлім әлдиле!» деп зар қосады.

Өзі қазақ сахараасында өскен Жұмабаев ақынға оның тұган өлкесі қорқынышты, өлі дүние тәрізді сезіледі. Бұл жөнінде тағы да орыстың символист ақындарына еліктеп:

«Дала, дала, Сар дала,  
Бейне өлік айнала», – деп күніренді.

Немесе:

«Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,  
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан» – дейді.

Осылайша сахараны сөз етсе, талай рет өлім қүйін құлақ қүйдегі қатар күнірентеді. Бұл сарын оның шығармаларының арылмас дертіне айналған «сары ауру» болатын...

Өзінің көптеген шығармаларында махаббат сыршылдығын жырлаган Жұмабаев ақын қазақ әдебиетіне әралуан дертті: ыңғрана күніренуді, мистиканы және жүртқа жат эклектизм (әркімге еліктегіштік), декаденттілікті екпек болған ақын еді.

Жаңағы айтқандай әдебиетшілердің шығармалары революцияның алғашқы жылдарында пантюристік, ұлтшылдық саналарын дамыта түсіп, Шыңғысханың, Ақсақтемірдің, Кенесарының аттарын да әйгілей бергіш болған. Шығыс тарихындағы ең қатал, қаны шыққан деспоттық пен тирандықтың өкілдерін буржуазиялық ұлтшылдықтың санатына қосты. Сонымен қатар кейбір жазушылардың буржуазиялық реакциялық романтиканы да үлгі еткісі келгені мәлім еді...

Бұлар еңбекшілердің талап-талайна залалды қараңғы мистика жолына түсіп, әдебиеттің өсу бағытын теріске бұру талабына әрекет еткен ақындар болды» (М.Әуезов. 19-том. 374-376. беттер).

Мұқан пікірін әдебій толық көлтірдім. Алашордашыл ақын-жазушылардың шығармашылығын осылай түсініп, осылай айтпайынша ол кезде жазған сөзің цензурадан өте алмайтынын көрген, білген, сезген біздер, яки қолына жаңағана қалам ұстап, гылым жолына түскен жастар бұдан да әрі сілтеп жіберген де шығармыз. Алдымыздагы агалар осылай деп жатқанда бізге не жорық.

Мен мұны әдебиет тарихына арналған ғылыми-зерттеу еңбектерінен, әсіресе бәрін де сол күйінде құдікесіз қабалдан алғын оқушыларға, әсіресе орта мектепке ариалған оқулықтардан да көрсете кетейін. 1949 жылы Қазақ ССР гылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Х.Ж.Жұмалиевтің жалпы рецензиясымен шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихы очеркінде» «Колчактың қарғылы тәбеті болған ұлтшыл-алашордашыл сұрқиялардың атаманы Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар бұл дәуірдегі контрреволюциялық әрекеттерінің бір саласын әдебиет майданында жүргізіп жатты» (24 бет), 1950 жылы Г.Мусірепов, Қ.Бекхожин, Қ.Жармаганбетов, С.Сейітов авторлығымен орта мектептің 10-сыныбына арналған оқулықтың ушінші басылымында XX ғасырдағы буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылар пролетариат революциясының дабылы жақындаған сайын ескішілдік, көрітартпа романтизм жолына түсті. Бұқарашиб топ әрі аз, әрі әлсіз еді де, буржуазияшыл-ұлтшылдар тобы әрі қомақты, әрі құшті топ еді. Алашорданың ең белсенді құштері болып шықты. Бұл топ совет орнаганнан кейін де идеология майданындағы құрестерін тоқтатқан жоқ. Бұлардың ішінен жыбыла жеңілгеннен кейінған совет әдебиетіне келіп қосылғаны ілде біреу-ақ» (58-бет), я болмаса М.Әуезовке арналған тарауда «1917 жылдан бастап Мұхтар Әуезов 1932 жылға шейін ұлтшылдық бағытта қалды,... контрреволюцияшыл, ұлтшыл-алашорда партиясының мүшесі болды да... идеологиялық майданында бітімсіз күрес жүргізді» (126 бет) немесе М.Базарбаев, Б.Сахаринев, С.Қирабаев, А.Нұрқатовтар 10-сыныпқа арналған 1968 жылғы оқулықтарында алдыңғы арбаның ізімен жүрді.

Ал жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығының авторлары М.Қаратаев, Т.Нұртазин, С.Қирабаев жаңа көзқарас, түсінік-таным ұсынудың орнына «Қазағым, елім» деп қамқорсыған байышыл интеллигенттер қазақ халқына нағыз еркіндік, теңдік берген совет өкіметіне қарсы шықты. Олар буржуазиялық «алашорда» партиясын, үкіметін құрды, буржуазияшыл бағыт, әмір программасын белгіледі. Байышыл жазушылар (Мағжан Жұмабаев, Жұсінбек Аймауытов, М.Дулатов, т.б.) азамат соғысы жылдарында шығармаларын советке қарсы, зиян келтірер рухта жазды. Революциядан кейін олар өткендей, көнені әсірелей мадақтаумен болды. Сонда әдебиеттің күнделік жұмысында олар қазақ совет жазушыларының беделін түсіруге, жүрт көзінде масқаралауға, сөйтіп өріс бермеуге тырысты» (1968. 12-13 беттер) деген ойларды С.Қирабаев 10-сыныпқа факультативтік курс ретінде ұсынған оқулығында былай тұздықтады. «Ұлтшыл әдебиетшілер (М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б.) революциядан кейінгі жылдардың өзінде советтік идеяга қарсы шығармалар жазды, кешегі феодалдық дәуірді, хандық құрылышты дәріптеген, сол күндердің откенін аңсап күнірекен өлең-жырлар туғызыды. Әдебиеттің күнделік әмірінде олар қазақ совет жазушыларын (әсіресе С. Сейфуллин мен С.Мұқановты) жұрт көзінде кемітіп, мұқатуға тырысты.

Революциядан кейінгі қазақ әдебиетінің даму бағыты туралы сөз болғанда ұлтшылдар көрітартпа романтизмді (олар оны «Мұң мен шердің сарыны бар сырышылдық» деп атады.), сентиментализмді, символизмді таңдады. Бұл жол олар ушін халықтың бүгінгі әмірінен алыс түрүға, өткендей ойлап мұң мен шерге бөленуге, күрсінуге, ойындағыларын тұспалдан айтуга қолайлы еді.

Жоқ, қазақтың советтік әдебиеті ол жолмен жүрген жоқ» (1973. 9 –бет) деп бірақ қайырды. Бұл сол кездегі негізгі тұжырым, бұлтартпас қағида болатын. Бұдан азынтығандар талай сөзге қалып, теперішті көретін. Оны алыстан іздеудің еш қажеттігі жоқ.

Оз басымнан откен жайды айта кетейін. 1959 жылы сәуір айында «Идейно-творческие вопросы казахской советской литературы в период ее становления (1917-1929 гг.)» деген автореферат шыгардым. Соның үшінші бетінде «Советские писатели

стремились раскрыть вредную сущность произведений алашординских писателей, типа Магжана Жумабаева, Миржакипа Дулатова и других» деген жалпы жұрт ондық солды айтып жатқан ойым үшін жазықты бола жаздағанымды әлгінде гана баяндағаным естерінізде шығар.

Мұхтар Әуезовтың 1957 жылғы баяндамасына арқа сүйеп, Магжан идеалынан айрылып, саяси-әлеуметтік өмірден ығыстырылған уақытта «енді бір жүргенім де, әлгенім де» деп зарлап, озін өлімге әддилетті. Жаңалық орнап, мәдениет ошактары кобейе бастаған қазақ сахарасы Магжанға «кебін киген далага айналып кетті» деген түйінді ойымды сол кездегі қалыптасқан көзқарас ықпалымен жазғаным еш дау тудырмасқа тиіс. Ал үйімдестіру мәселесіне келгенде «ұлтшыл-байшыл әдебиетшілер «Алқа» деген үйім ашайык деп жар салды. «Алқаның» көздеген мақсаты «негізінде бұрынғы тар ұлтшылдықты қайта терендептіп, қайта қалыптап, қайта нығайтам деген жол болатын» (М. Әуезовтің 1932 жылғы «Ашық хатынан» алынды. «Социалды Қазақстан» 10.06.1932). Бірақ оның қарамагына ешкім де іліге қоймады» (Т. Кекішев. «Октябрь өркені») деген ой айтқаным рас. Бірақ сол кезде бұдан әріте бара қоймағанымызды, қайта жұмсарутуга талпынғамызды «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 6 кітаптан тұратын үш томды фундаментальды еңбекте жазып, жылға-жылғаның арасымен алып шықпақ болғанымыз тағы бар.

«Қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәүірі (1917 – 1929 ж.ж.)» деген тарауды Е. Ысмайлов, М. Дүйсенов үшеуміз бірігіп жазғанда «революцияға дейінгі қазақ қоғамының әртүрлі әлеуметтік жіктері әдебиетті өз мақсатына пайдаланбақ болды. М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев сияқты ақын-жазушылар буржуазиялық идеяларды ұлтшылдық сынайда уағыздады, әдебиетте декаденттік сипаты бар керітартпашыл бағыт тудырды» (14 бет) деп жазған тұста болған бір жайды айта кетейін.

«Аузы күйген үрлеп ішеді» деген ғой. 1959 жылы партия жиналышында, 1962 жылы кітабым шығарда Магжанды атағаным үшін теперіш көріп, айыппұл төлеген басым шыр ете түстім. Оған Есағаң сабырмен, салмақпен жауап берді.

– Бұл кісілерді атамасақ кімдермен күрсекен болып шығамыз. Аумаған Дон Қиҳот болмаймыз ба?! – деді. Бірақ көзінен құлқі кетпей қоғанын байқап қалған өзілге шебер Мырзабек:

– Есағаң, бізді өзініз сияқты «Буржуазный объективист» етпекшісіз ғой – деп еді Есағаң екі иығын көтере күлетін әдетіне бақты да:

– Мақтап жатқан жоқпыш, одан неге сескенесіндер. – деп тарауды әрі қарай оқи бастады: «Әрине, байшыл-ұлтшыл жазушылар ел арасында өнер-білім жаюды жақтады, феодализмнің кейір» орекшел қылыштарын сынамай отыра алмады. Шортанбай, Мұраттардан бұлардың айырмасы осы еді.

Байшыл-ұлтшыл жазушылардың творчествалық жағынан профессионалдық дәрежеде болғанын, оқыған білімді екенін бұгуге әрине болмайды. Олардың шығармалары газет-журналдарда жиі басылып, жеке кітап болып та ел ішіне мол тарап жатты. Осы себептен де байшыл-ұлтшыл әдебиет ағымының бұл тұстағы қазақ әдебиетінде елеулі салмағы болғаны анық» (Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. Бірінші кітап. «Ғылым». 1967. 24-25-беттер) деген ойларды «дәстүрлі қалыптасқан» тұжырымдардың арасына қыстыра айтқан болатынбыз. Оны М. Дүйсенов екеуміз 1981 жылғы «Ұлы Октябрь шуағы» деген кітабымызда бірқатар қоюлатып та бергенбіз.

«20-шы жылдардың алғашқы жартысында буржуазияшыл-ұлтшыл бағыттагы жазушылардың шығармалары газет-журнал беттерін де, жеке кітап болып та басылып жүрген-ди. Олар әдебиеттің бар жанрында жазған болатын. Бастауыш, орта мектепке арналған тіл мен әдебиет оқулықтары авторларының бір қатары солардан еді. Педагогикалық техникумдар мен халық ағарту институтының оқушылары арасында М. Жұмабаев поэзиясының, А. Байтұрсынов оқулықтарының идеялық ықпалдары аз болған жоқ. Кадрлардың аз кезінде мамандар ретінде буржуазияшыл зиялыштарды партия үақытша пайдаланған болатын. Орыс тіліндегі ғылыми, көркем әдебиет кітаптарын қазақ тіліне аударуда, оқулықтар жасауда, әдеби тілдің жаңа нормаларын қалыптастыруда бұл зиялыштардың аз-кем септігі тимеді деуге де болмайды» (49

бет) дегендерімізді бүгін оқып отырғанда буржуазияшыл-ұлтшыя ақындардың тарихтағы еңбектерін қазіргідей даурықтырғанымызben сол кездегі қыспақта айтып, жазған екенбіз. Түктен хабары жоқ оқушыларды сөлт еткізіп, олардың шығармаларын іздең оқуга септігіміз тигендігін енді аңғарып отырмын. Марқұм Сагат Әшімбаев, әуғанға Қазашылар Одағының басшысы Нұрлан Оразалин, филология ғылыминың докторлары Бақытжан Майтанов, Жанғара Дәдебаев, Құлбек Ерғебеков, Серік Негімов, Алма Қыраубаева, Зейнол Бейсенгалиевтер, баспа директоры Әшірбек Коншев менің 60-жылдардағы лекцияларымнан осы алыштардың атын кейде сыйнаїп, кейде баяндағы айтқаным тәтті болғандарын, аспаннан түсken жаңалықтай жаһаннамага жар салып айтып жүретініне енді ғана мән бере бастады.

Әрине, бұл ой алаштылар жайында дөрекілеу болғаны үшін кешірім сұрау мақсатымен айттылып жатқан жоқ, қайта сол кезде айтудың ретін тапқанымызға ризалық сезімі оянып отырғанын жасырмайын.

Осының үлкен бір көрінісі 1968 жылы «Қазақстан» баспасынан зордың күшімен шығарған «Қызыл сұнқар» атты әдеби-тариҳи очерекімде бар. Маждан мен Сәкеннің семинарияға түсіү. «Бірлік» қауымын үйлемдастырудың әрекеттері, қоғамдық-саяси өмірге араласулары, Омбының қызықтары мен шыжықтары бірталай баяндала сүреттелген болатын. Және жасырары жоқ, сол кездегі лито мен өзіміздің редакторлар шошымайтын деңгейде жазғанының өзінен кінәрат тауып, талай сарсанға салғанын қазір еске алудың өзі қыны. Сонда көрген қорлық-зорлықтарым есіме түссе қаламымды лақтырып жіберуге шәк қаламын. Сәбит Мұқановтың алғысөзіне, ҚКП Орталық Комитеті жаңындағы Партия тарихы институтының директоры академик Серікбай Бейсембаевтың реңми жазған пікіріне сенбей, «Қазақстан» баспасының директоры Абай Бейсенбаевтың «өзі» оқып, зорлан отырып Ялымов Шәріпке байланысты беттерін қыскартқанын есіме алса, зығырданым қайнап кетеді.

Соның ызасы болу керек, 1972 жылы Москвандың «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдар өмірі» сериясынан «Сәкен Сейфуллин» гүмірнамасын Қаныш Сәтпаев әруатына арнауым және өзімे пәле болып жабысқан. Ш. Ялымовты атап шығаруымның қырсығы тимей қалмады. 1974 жылы Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, жеме-жемге келгенде Д. Қонаев әшейінгі тізімге іліктірмей, тұншықтыра салғанын біреу біліп, біреу білмейді.

1976 жылы «Жалын» баспасы ашылып, «Өнегелі өмір» сериясын бастап шығатын бірінші кітап – «Сәкен Сейфуллин» атты менің гүмірнамам болғанда тағы да қырсыққа кездестім. Мәскеуде маршал К. Жуков бастаған әскерилер басшылары мен үлкен мемлекет қайраткерлері өздерінің естеліктерінде И.В.Сталиниң жасаған еңбектерін көтере айттып, сол кездегі басшыларға ұнамайтын біраз жақын жаза бастағанда тарихи қайраткерлерге ариалған шығармаларға қысым көрсетіле бастады. Біздің Орталық Комитет «Олар совет өкіметі үшін күресті» деген серияны жауып тастады. Алғашқы саны шықпай жатқан «Өнегелі өмір» сериясының жоспарында тұрған «Сәкен Сейфуллин» мен «Қаныш Сатпаев» шығарылмасын, бұл серия өзінің өмірін бастамасын деген қаулы алынды. Сол уақытта теріліп, корректурасы жүріп жатқан «Сәкен Сейфуллинді» орысшадан, яғни Мәскеуде шыққанының аудармасы ретінде жариялауга тұра келгенін айтудың өзі үтті.

Бір қызығы өзімің кітапханамда да, мұрагатымда да осы ұзақ сонар әңгімеге арқау болып, қалың оқушыға 2500 данамен тараған кітабым жоқ болып шықты. Тамыр-тәнистарға, іні-бауырларға телефон шалсам, ол кезде біз Алматыда болмақ түгіл, дүниеге келгенде жоқ едік қой деген бірнеше жауап алдым. Үкіметтің кітапханаларында бар екені даусыз дел әуелі өзіміздің кітапханага бардым. Тептез, не бәрі 3-4 минуттың ішінде қолыма тиді. Бөлмеме келіп қарасам 17-бетте «Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кітапханасы, Библиотека КазНУ им. аль-Фараби» деген сопақшалау таңбаның үстіне 088024 деген санды бұрыштай көкіл сиямен қол қойылыпты. Таныс адамның қолы-ау деп кітаптың бірінші, яғни ішкі мұқабага көз салсам, төртбақтау таңбада «сый тарту, дар» деген белгінің шетінде «Т.Қожакеевтен» дегенді оқып, төменгі жақтағы анық жерге қояндармұйызден төрт бұрышын айрышка әшекейлелеген экслибристің (жекеменшік штамп) ортасына «домашняя библиотека

Кожакеева Т.К» деп жазылыпты. Оның сол бұрышынан көкшіл сиямен филологияғылымдарының докторы, үзақ уақыт журналистика факультетінің деканы, келе жатқаны анадайдан білініп тұратын Темірбектің қолы қойылыпты. Осы көкшіл сияқалам кітаптың өн бойына белгі соғып, алаш қайраткерлерімен идеялық тартыс, әсіресе Мағжан Жұмабаев аты аталағын түсқа ұқыпты белгі соғып мәтіннің астын сыйып қойыпты. Қазақ совет әдебиетінің «дамуы жайында бір қызыру пікір айтқан Ғаббас Тоғжанов Мағжан олendorine ұлттылдармен сарындағас, ішкі ойы қабысып жататын пікірлер айтты» (37-бет). «Мағжанның жұмбақты олendori» (38-бет) дегеннің астын сыйып, «Сәкен Сейфуллиннің 1921 жылы жазған «Ендігі ақынның сандырағы» дейтін саяси сатирасы Мағжанды және оның олendori әжуалаган алғашқы көркем шыгарма болды» деп алады да, Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеті «Күйігіміз» деген олеңмен жауап қайтарды.

МЖ. МЖ. МЖ болып қаңғырган

Сорлы ақын семіздерді сағынған

немесе «ұлы тілмен шағылмаймыз» деген жолдарды баттита жазып қойыпты. 42-беттегі «Мағжан Жұмабаевтың «Тоқсанның тобын» жазғанына ерекше назар аударған жөн, өйткені ол ұлттылдық идеологияның қандай тактикалық тәсілдерді қолданғанын айқын корсетеді» дегенге де белгі соғыпты. Кітапта осындағы сыйықтар едәүір.

Мен бұл белгілерді әдейі келтіріп отырмын. Оқушы қолына тиіп, оқылған еңбек кімге болса да ой салары хақ. Оның үстіне менің екінші, оппонентім болған атакты сиңиши Мұхаметжан Қаратаевтың 1959 жылы «бұл дәуірдің арнаулы зерттеушісі де болмаған, оның фактологияның қазбалап іздеуге ешкімнің де батылы бармаған. Бұл дәуірге келгенде кім болса да аяғын аңдаған басып, қауіпсіз жерлермен сырғытып отетін» (Мерей. 2002. 2 том. 310 бет) деген ойы өзі журналист, баспасөздің не екенин, литоның қандай қырагы екендігін білетін Темірбек Қожакеевтің, біріншіден, байышыл-ұлттыл әдебиетшілер, ақын-жазушылар жөніндегі пікірлерді біліп алуға ұмтылысын аңғартса, екіншіден, озінің оқушы ретіндегі «ішкі литосының» қалай жұмыс істеп отырғандығынан хабар береді. Соңдықтан алаш қозгалысы ақталғаннан кейін біліп те, білмей де онды-солды бүтін сөз сапырып жатқандардың көбі ұт-аят дегенді былай қойғанда, коммунистік идеология билеп-төстеген кездегі қынышылықтан, азап-бейнеттен хабары жоқ немесе бұлаңқүйрық жарамсақтар демеске шараң қалмайды.

Кітаптың Темірбек данасын мұқият парақтап отырып, 1962 жылы жыртуылған төрт параптың екеуін әзер таптым. Содан кейін ерінбей-жалықпай әлті кітапханага қайта барып, басқа данасын сұрадым. Алғашқыдай емес, қойманың ішінде кітапханашы едәүір бөгелді. Әлден уақытта жұлма-жұлмасы шыққан данасын алғып келді. «Осы ғана еken, басқасы жоқ» деп ұсынды. Кітаптың мұлжаланғанына қуандым. Өйткені баяғыда Әзілхан Нұршайықов Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының 1942 жылы шыққан бірінші томын майданға ала кетіп, солдаттарға оқуға бергенде мұлжаланып қалған данасын Мұқаңа көрсеткенде «Өзім қатыспасам да, сен майданға барып келген екенсін ғой» деп кітабын көкіретіне басып, ііскеген уақытта «Ой, мынада ок-дәрінің исі мүнкіп түр ғой» деп жақын отырган студентке ііскеткені есіме түсіп, рахат сезімге бөлөнгенімді жасырмай-ақ қояйын. Оқылған екен деп риза болдым.

Кітаптың орта тұсынан 30 шақты беті жоғалып кетіпті. Оны көріп тұрган кітапханашы сопақшалау келген штампты екі бетке соғып, келесі оқушыдан бұл беттерді сұраптаптын амалын жасады. 96-97 беттерде бір кінәрат барын ангардым. Темекенің данасын қайтарып бермей, әзер болса үйдегі белгі соққан даналармен салыстырармын деп пәтеріме оралдым. Өзім де аз уақыт баспада қызмет істеп, жыртуылған беттердің қалай жапсырылатынын білетінмін. Тұп жағынан болар-болмас түбіршек қалдырып, жаңасын білдірмей жапсыратын. Тіпті ол жерді сипалаганда саусаққа ілігіп, белгі беріп жататын. Екінші бетті таба алмауымның да сырын анықтадым. Баспада 16-бетті бірден дайындал, 17,35,49 сияқты беттердің етегіне 2,3,4, деп цифр жазып, алдындағы бетке желімдеп те жібереді. Менің жоғалтып,

таба алмай отырган беттерім осындағы өліараға кезіккен екен. Тұтас қағазға басып, мұлдем байқатпай жіберілті.

Үйге келген соң арыз жазылып, талай белгі соғылған екі дананы алып, Темірбек данасымен салыстыра оқып, әйтесін таптым-ау. Мені сонау XX ғасырдың алпысынышы жылдарында ауре-сарсаңға салған, баспа басшыларына «осындағы пәлесі бар кітапты қалай өндіріске жібердіңдер» деп сөгіс бергізген және өзіме төрт жыртылған беттің шығының қаламақымнан ұсташқан кітаптың пәлелі жерлеріне қайтадан үңілдім. Оның қайсыбірі алдыңғы баяндауда келтірілді де, бірақ қалай жөнделіп, идеология шартына қалай жымдастырылғанын аңғаруга мүмкіндік беретінін ескеріп, қайталау болса да үзінді келтірейін деп отырмын.

«Октябрь революциясы әдебиетке қандай олжасалды?» деген проблемаға Жұсіпбек Аймауытов: «Төңкеріс бір жағынан желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан уайым-қайы кіргізді» десе, Жекен Сәрсембин: «Төңкеріс қазақ еліне өз тарихы тудырмаган жат төңкеріс еді. Айқай, ұранның желі көтерілді, тарихқа бейімделген әдебиет болған жоқ» деді. ал Тікен деген біреу (кім екенін анықтай алмадық Т.К.) шеберлік өте кем, көбі айғай, еліктеу, әдеби ұрлықпен жазылған интернационализм бағытындағы әдебиет пайдада болды» деп білген тұсты бүйірінен баттита сыйып, мәтіндердің астына белгі соққан көк қарындаш «жөнделеді» деп жазыпты. Ал қою қарапек қалам осы араға иректете белгі соғып, сұрақ белгісін қойыпты. Ал маған қамқоршы болған көкшіл сия қарындаштың иесі «Тарихты айтпай, несін айтады? Онда ғылым бола ма!» деп өзінің жетеллігін танытыпты.

Ал енді осының түзетілгені оқушы сіздерге қандай күйде жеткенін келтірейін. «Октябрь революциясы әдебиетке қандай олжасалды?» деген проблемаға Жұсіпбек Аймауытов өзінің теріс көзқарасымен әдебиет тағдырын ойлагансып, төңкерістен кейін уайым-қайыға батқан ұлттың ақындардың шерлі өлеңдері мен поэзиялық қасиеті мен ұран өлең жазушы кедейшіл ақындар көбейді десе. Жекен Сәрсенбин айғайдың желі көтерілді, тарихқа бейімделген әдебиет болған жоқ деді. ал енді тағы біреу (кім екенін анықтай алмадық дегендегі Тікен есімін алып тастапты. Т.К.) шеберлік өте кем, көбі айғай, еліктеу» деген мазмұндауды беруге мәжбүр болған екем. Цитаттың орнына мазмұндауды бергеннен ой жүйесі бұзылмағанмен, откірлігіне нұқсан тигені сөзсіз. Осындағы «жасықтармен» де күн көргенімізге құдая тәубе!

Алпys үшінші беттері В.И.Лениннен алынған цитатта «халық» деген сөз «жалық» болып қате терілгені осы жолы түзетіліп берілді. Және бұл беттің жыртылғанын таба алмауымың бір сырты баспағерлер түбіртекті мұлдем кішкентай қылып, өліара тұска дәл келгеннен соң 64-65 беттерді әдемілеп жapsырып, мұлде аңғартпай жіберілті.

Ал екінші жыртылған бетті оп-оңай тауып алдым, өйткені көзге түсіп, саусаққа білініп-ақ тұр. Мағжанның «Шойын жол» деген өлеңінің толық мәтінін келтіргенмен «өзімнің ішкі литомның» талабымен үш-ақ жолын қалдырып «С.Мұқанов. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1932 ж 352-353 беттер» деген сүтлемемен қиямет көпірінен өтіп кетемін деп құлық жасаганмын. Бірақ ОК-да. Лито да менің ондай «пышықтығыма» пысқырып қарамай Мағжан «Түркисіп шен Ақмола темір жолын көшпелі түрмистың шырқын бұзып, ен сахараның берекесін қашырады деп түсінді де, жаңалық атаулыға, оның ішінде техникалық жаңалықтарды қазақ елін жұтып қоятын жалмауызға, таптап кететін аждаға, жарып тастайтын қара қабанға теңеді» деп түзеттіріп, эмоциялық әсерін әлсіреткен еді.

Саясат баққан қулар Мағжанның атын атаптау, өлеңінен үзінді алдырмау мақсатын көздеңенде әлгі түзетілген 83-беттің жалғасы, бір қағаздың екінші беті болып тұрған 84-беттің Мұхтар Әuezovтың 1957 жылы Октябрь революциясының 40 жылдығында жасаган баяндаасынан алынған ұзақ цитатқа, әсіресе: «өзі қазақ сахарасында өскен Жұмабаев ақынға оның туған өлкесі қорқынышты. өлі дүние тәрізді сезіледі.

*Сар даға бейне өлік сұлан жатқан*

*Кебіндей ақ селеулер беттің жатқан, –*

деді. Осылайша сахараны сөз етсе, талай рет өлім күйін құлақ күйдей қатар күнірентеді» деген ой да. келтірген өлеңінің екі жолы да мен келтірген, жыртылып

өзгертілген үш жолдан әлдеқайда зәрлі, әлде қайда өсгрі скептицисті. Терінде Мұханың қолынан шыққанына тістері батпаганы ма, әлде қайтыс болғанына жыл толмай жатқан ұлы адамға деген аяушылығы ма, әлде жаңадан талпының келе жатқан біздерді мұндай идеялық шалыс қадамдардан сақтаңдырып, алашылдарды орындыорынсыз өз сөзімен сөге беруге бойын да, ойын да үйрете берсін дегендері меекен.

Осы сөздерді жазып болғаннан кейін аңғардым, 83 пен түзету кіргізілетін, яғни жыртылатын 96 бет бір буманың (листің) ішінде болған соң 83-84 пен 95-96 беттерді қайтадан теріп, ақшыл қағазға білдіртпей түзетіп жіберген екен. 96-беттен Мұхтар Әуезовтің «Қылыш заман» повесінің атын өшіртті. Осы беттің бәрі Мұханың идеялық көзқарасына арналып, «теріс идеологияның әсері бірқыдыру шығармаларында орын теуіп, «Қылыш заман» повесімен сарқылды» дегеніме қарапқ сиялы қалам «Қылыш заманың» астын сызып, «Изъять, явно нац. (националистическое дегені ғой Т.К.) произведение» деп жазыпты. Ал көк бояулы қарындаш дөңгелете белгі соғып, «алынады» деп жазыпты. Сонымен, қанша классик болса да, ел-жүртін өкіндіріп ана дүниеге аттанып кетсе де сталиндік және лениндік сыйлықтардың лауреаты. ұлы Мұханың «Қылыш заманы» жарамсақ төрелерді айналып өте аламапты. Әлгі көк бояулы қарындаш келесі 97-бетте аталған «Қылыш заманды» тағы да дөңгелетіп астын сызып, «алынады» деп жазып қойғанын баттита сығанын болар, бұл жердегісі аман-сау «Қаралы сұлу», «Сыбаның моласында» деген шығарма атауларының қатарында қалыпты. Терінде көк бояулы қарындаштың «рахымшылығын» «бул әңгімелерді жансыз, қатып қалған әңгімелер деи атауга болады» деген пікірді тузыған болар. Қалай дегенмен 95, 96, 97 беттердегі белгілерден аяқ алып жүре алмайсың. Әсіресе сүр қарындаштың иесі «Х.Е.» кітап беттерінде тайраландап, баттита сызуға ерінбепті де, 97 беттің томенгі пұшпағына «бул пікір ұтымды пікір емес» деп жазыпты. Ал маған жәрдем қолын созған «Ф.М.» «басы артық ештеңе жоқ!! «Дұрыс!», «Шындық қой?!!» деп үш жерге жазыпты. Айналып-үйіріліп келгенде кітаптың екінші тарауы, яғни «Әдебиеттің көркемдік әдісін игеру жолында» деген теориялық-көркемдік тұрғыдан өзімді мықтап әүрөгө салған. М.Әуезовтің 20-жылдардағы әңгімелері «сыншыл реализм дәстүрінде жазылған» дегенім үшін «әуезовшілдер» мені Мұхана «оппозициядағы зерттеуеші» дегізген түсқа мықтап шүқшипты. Мұндайды басынан кешпегендерге дүниенің бәрі оңай, жарқырап тұрган күндей болып корінеді ғой.

Жарайды, бұлар ғылым жолындағы ізденістердің әлегінен-ақ болды дейік. Ал төртінші жыртылған бетке не жорық. Ол 148-беттегі «нанай, якут, ойрат, хақас» деген халық атауларының ішінен «ойратты» көк қарындаш қаһарына алып, «жонделеді. Горно-алтайский» деп жазыпты. Алғашқы арыз жазушы пенде, яғни Сагынгали Сейітов ақындығын былай қойғанда, тырнак астынан кір іздеуге өте шебер, бір кебісті бір кебіске кілгізіп, жүрттың үрейін ұшыруға келгенде алдына жан салмайтын (әруаты кешірсін) жан еді. «Ойрат» атауының жазығы – «татарды – ногай, үйгырды – тараншы» деп мазақтайтын атаулар сиякты ойратты әдейі бұрмалап, тарих бетінде қаралап көрсетүте бағытталған саяси қате деп лигодағылардың есін шығарған-аудауде болса. Өз көленкесінен өзі қорқып, әркімнен саяси күдікті бірдемелерді іздеушілер, әр шығарманы аңдып отырғандар дегендерін істеп, бетті жыртқызыды. Жалғанда білімсіз жәреуеке адамдарға еш нәрсені түсіндіре алмайтының еріксіз «Оңаша отау» атты кітабымның қалай шыққанын әңгімелетейін деп отыр.

Осылын тұңғыш кітапты шығарудың қиямет-қайымы аяқталды. «Х.Е.» мен «Ф.М.-ның» кім екені де анықталды. Басында «Х.Е.»-нің кім екенін білмей, сондай есімді ақын-жазушыларға сақтана қарап жүрдім. Тіпті әуелінде Хамит Ергалиев емес пе екен деп те ойлап қалдым. Өйткені 1960 жылы досым Зейнолла Қабдолотовтың анасы қайтыс болып, қырқы ма, әлде жылы ма, әйтеүір осындаі көңілсіз сәтте Хамит Ергалиевпен «ұстасып» қалғаным бар. Соның есесін қайтарайын деп алғашқы кітабым «Октябрь өркеніне» ұнамсыз пікір тузызатын сызықтар жасап, қорытынды ойын кітаптың соңғы бетінде жазып қойғаны ғой деп жүрдім.

Литоның бастығы Әбдірашит Шалабаевтың – «Мә, мынау саған ескерткішім болсын, байқап жаз» деп берген кітабымдағы сүр қарындаштың, жазғанын жақындау

жолдастарымның (қазір атын ұмытып отырымын) біреуіне көрсетіп ем, газет-журнал төңірегінде көзі қанықкан ол «Х.Е.» – Хамза Есенжанов деп бірден айтты. «Мен қолтаңбамен таныстын. Осылай мәдіреттің жазады және ылғи бояулы қарындашты пайдаланады» деп мені әбден сендірді. Мен бұған қатты ойланып қалдым. Өйткені «Ақ Жайық» дилогиясының екінші кітабына, өсіресе Орал қаласында Бақытжан Қаратаевқа қарсы болған әсірекұзылдардың іс-әрекеті шындықтан алыстау болған соң, ұнатпаған мақала жазып «Қазақ әдебиеті» газетіне апарып бергенмін. Бірақ ол жарияланбады, тегінде «объектінің» құлағына жетіп, «ұйымдастыру шаралары» үйимдастырылған болса керек.

1961 жылы «Сәкен Батыс Қазақстанда» деген мақалам Орал қаласындағы «Октябрь туы» газетінде 25 ақпанды жарияланған-ды. Сонда Жымпіты – Қаратөбе жағында болып, біраз жайға қанығып қайтқанмын. Олар қалам ұшына іліккен-ді. «Әдебиет майданы» журналында «Өлеңті жағасында» деген әңгіменің авторы Хамза Жұсіпбеков дегенімде (өйткені арқада Сіленті мен Өлеңті деген өзендер бар) «Жоқ, ол менің – Хамза Есенжановтың шығармасы» деп «Социалистік Қазақстан» газетінің бір пүшпагында «дәлдік керек» ызgarлы деген қағытып өткен-ді.

Өмір болған соң ұнатсан да, ұнатпасан да, адамдар кездесе береді ғой. Есімде жоқ, қонақта ма, әлде серуенде жүргенде ме кездесіп қалдым ба, әйтеір Хамза ағайдаң «Сенің әдебиет тарихымен айналысқаның, әсіресе Мұхтар Әуезовтің 20 жылдардағы әңгімелеріне көзқарасың қызық екен» дегеніне одырая және таңдана қарағаным бар еді. Өйткені алғашқы кітаптағы сүр қарындаштың ізі өші бар адамдай сыйып, тұқырта жазғандары әлі есімнен шықпай жүрген кезі еді. «Басымды шайқап» қасынан кеткенім бар-ды. Сондықтан, әруагы кешірсін, «Х.Е.-ні Хамза Есенжанов деген ойдан бүгін де беле алмаймын.

Ал «F.M.-ға» келер болсақ, ол филология ғылымдарының докторы, тіл білімінің үлкен ғұламасы, Есмағамбет Ысмайыловтың жан жолдасы Рабиден Мұсабаев екенін өзі айтқан. Менің кітабымды ұқыптаі өкілп. «Зерттеу жұмысын осылай жасағаның дұрыс» деген пікірін айтқан. Оның үстіне либо бастығы Әбдірашит Шалабаевпен ағайындастығы, жерлестігі бар болатын. Әтуағынан айналайын, Есаган арқылы біреуін сырттай, екіншісін іштей жақтасқа айналдырудың арқасында мұлдем шығартпауды қоздеген пәле-жалаларды аяқ асты етіп, тұнғыш кітабым жарық көріп еді.

Енді әйтеір совет дәүірінде кітап шығарудың қияметі әңгіме болған соң бір кітабымның бес жыл әуре-сарсаңға салғанын да айта кетеійн. 1976 жылы өзімінің 50 жылдығыма багыштап қазақ әдебиеті сыйнының жаңарлық қалыптасуы жайындағы «Оңаша отау» атты монографиямды «Жазушы» баспасының 1977 жылғы жоспарына өнпірімдеп жүріп кіргізіп ем. Жоспарға ілігудің өз азабы мен машақаты белден асып жататын, әйтеір сөті түсіп. 1972 жылы «Көркем әдебиет сыйны туралы» партия қаулысы шыққаннан кейін Қазақ үлттық университетінде 1964 жылдан бері сыйн туралы дәріс өкіп жүрген арнайы курсым міндettі оқу пәніне айналды. 1971 жылы әзер шыққан «Сыйн сапары» монографияма жалғастырып, қазақ әдебиеті сыйнының тарихын жазамын ғой деген ішкі есеп те болды.

Баспаға апарып берген қолжазбамды Мұқаметжан Қаратаевқа жабық рецензияға беріпті. Мұхан 1976 жылы 10 мамырда ұнамды ойын, яғни «Бұл қазақ әдеби сыйны мен әдебиеттану ғылымы туралы жан-жақты сөз еткен қомақты зерттеу екен. Бұғынға қазақ әдеби сыйнының тар жол, тайгақ кешу тарихын әрі шолып, әрі терең бойлап тексерген осынау зерттеудің жарық көрү қажеттігі ешбір күмән келтірмесе керек» (Т.Көкішұлы. Мерей. 2002. 1 том. 224 бет) деп машинкага басқанда 454 беттік, яғни 20 баспа табақ қолжазбаны мұқият өкілп. тіпті өзінің тиісті тұста ескерілмей қалғанын да сездіре отырып, «бұл зерттеуі қазақ әдебиет сыйны мен ғылымының тарихи кезеңдерін тану үшін ғана емес, бүкіл қазақ әдеби процесін тану үшін де пайдасы бар құнды кітап болмақ. Сондықтан айтылған жайларды ескеріп, әлі де азын-аулақ жұмыс істеп жетілдіргеннен кейін басып шығарса иғі іс болмақ» (сонда. 228 бет) деп ағалық ақылын ғылыми парасатпен айтып, ұнатқан рецензия беріпті.

Осы ойды пысықтау мақсатымен филология ғылымдарының докторы, үлкен

әдебиетші Мырзабек Дүйсеновке жабық рецензияға таны берілті. Ол «Сын тарихы, оның даму кезеңдері туралы мұндағай еңбек қазіргі кезде көрек-ақ. Еңбекті баспаға ұсынуға болады» (Сонда, 233 бет) деп 1976 жылы 27 қыркүйекте жазып берілті.

Осындай галымдардың ой-пікірлерінен кейін кітап шықпайды деп кім ойлаган. Аңда-санда сұрастырып қоямын. «болады ғой» деген жауап та аламын. Жеке галымдарды қойып, енді М.Әуезов атындағы әдебиет және онер институтына рецензияға жіберіліпті. Оны институт директоры, институттың ага гылыми қызметкері Файзolla Оразаев рецензиялапты. Ол мұптақымға алғым екен. «Оңаша отау» атты қолжазба жайлыш пікір. Т.Көкішев «Оңаша отау» қолжазбасы. Жанры – сын-зерттеу, көлемі 453-бет. 1978 жылдың жоспары, «Жазушы» баспасы – деп айттар пікірінің алдына баттита жазып, «Қолжазбаның мақсаты – көркем сыйнымыз откен ауыр жолды көрсетіп, оның осу әволюциясын, даму сатыларын, қалыптасу сәттерін әңгімелуе. Қысқасы – сынның тарихы» деп (233-бет) бастайды да, 11 ескертпе жасап. «Корыта келгенде айттарымыз, қолжазба кітап етіп басып шығаруға татырлық. Кітап болып шықса баспаға да, авторға да абырай әкеледі деген сенімдеміз» (Сонда, 238-бет) деп ой түйіпті.

Редакциясы жүріп жатқанда «Жазушы» баспасының бас редакторы, шекара қызметінің майоры, ақын Есеп Әукебаев кеңес өткізді. Біраз адамдар жиналды. «Барсын, шықсын» деген шешім болды. Куанып жүрмін. Кітаптың өндіріске кетуі созыла берді. Бір редактордан кейін екінші, үшінші келіп «анау-мынау жерлері бар екен. қолжазба бас редакторда жатыр» дегенді айтады. Есеп ағайға кірдім. Үржып күледі. «Осындай тақырыпқа неге барып жүрсің, қызық екен өзі, 20-30 жылдары сынга араласқандар көп болыпты гой, солар қазір неге көрінбейді?» деген саудадар қойып, менен біраз адамдар жайында мәлімет алды. «Әйтеір, алашордашылар емес қой өздері» деп те қояды. «Жібереміз, жібереміз» дейді. 1977 түтіл 1978 етіп, 1979 жылға жақында қалдық. Тағы да редакциялық кеңес болып, Е.Әукебаев осы жолы өзі пікір айтты. Жиналғандар «Өндіріске жіберілсін» деген шешімді қайтадан алды. Енді кететін тыгар деп жүрмін. Астына тас байлан қойғандай қолжазбам жылжымайды. Есеп ағайға тағы да кірдім. Біреуден жауап қүтіп отырмын деп қалды. Оның кім екенін сұрай алмадым.

Енді партиялық позициясы мықты, 50-жылдардагы науқандардан қалыспай, оз сөзімен айтқанда, «ұлтшылдықты әшкерелеу науқаны әр салада дүниенің бәрін қопарылыстан» жатқан заманда (С.Кирабаев. Өмір тагдыры. (Естеліктер). Алматы, «Білім», 2006, 90-бет) белсенділік танытқан және менің «Сын сапары» деген монографиям «Ұлт мәдениетін көтереміз деген сұлтаумен оларды қаминта көрсету партиялық принципке де, ғылым талабына да қайши келеді. Көкішев жолдастың революцияға дейін сын туды деп отырған материалдарын қарасақ, эстетикалық дәрежесі әлсіз, орісі жұпның жарнама хабарлар мен рецензиялар, кіріспе мақалаларды көреміз. Олар – алі сын емес, сынның тууына дайындық жоянындағы дүниелер. Мына күйде бұл еңбектің кітап боларлық салмагы аз, өз бетінше басуды котермейді» (Сонда, 136-137 беттер) деп жайсыздау жасырын рецензия бергеніне қарамастан кітабым 3700 дана болып 1971 жылы шығып. «Менің ұлы редакторым» деп автограф берген жас, қазір бас жазушы Қабдеш Жұмаділовтің жәрдемімен шығып еді.

«Сын сапарының» жалғасы «Оңаша отау» атты монографияға Серік Қирабаев тағы да бас редактор Есеп Әукебаевтің отініші бойынша жабық пікір берілті. Бұлардың бәрін сол кезде қолға түсіріп, мұрагатымда сақтап, 2002 жылы «Мерей» деген атпен қалың-қалың екі том етіп жариялаганмын. Қағазға деген ұқыптылығымның пайдасын көріп отырғанымды аңғарған боларсыздар.

1977 жылдың жоспарынан қалып, әуре-сарсанға салған «Оңаша отау» 1980 жылы 3-маусымда Серік Қирабаевтен қайтып оралыпты. «Кітапқа басспаның бас редакторы Е.Әукебаев жолдас үлкен рецензия жазған екен (өзі бастық болып отырған адам қарамағындағы дүниеге рецензия жаза ма, не істесе де қолында гой. Тегінде бұл рецензия емес, жоғары жаққа жолданған мәлімдеме демескे шараң жоқ – Т.К.) маңызды-маңызды үш ескертпе жасалты. Үшесуі де орынды. Бұл күйінде қолжазба ол кінәлардан тазарған. Бірақ автордың жөндеуі арқылы емес, редактордың текстің

ара-арасынан қысқарту түрінде өндептеген» (239 бет) дегені менің әлгіндегі күдігімді растап, бас редактор өзінің теріс ойына Серікті серік етпек болған-ау тегі. Бірақ шындық оған жоғ бермеді.

Обалы нешік, Серік те сығалай қарапты. «Кітаптың бірсыныра жұлмалаудан өткен түрі бар. Қадағалап оқыған адам оны байқамай қоймайды. Жүйелі жалғасып келе жатқан пікірлердің үзіліп кететін тұстары, әлсіз көрінетін кездері көзге түседі. Бұл сірә, кітапта болған қысқартулардың әсері сияқты. Жогарыда аталған пікірлер мен материалдардың үзік-үзік көрінетіні содан болса керек» (240 бет) дегені мені жақтағандық деп түсініп, ішім біраз жылып қалды.

Есет Әукебаевтің «рецензиясы» менің қолыма түскен жоқ, бірақ бірнеше рет редакциялық кеңес откізгенде шұқшия, қазбалай пікір айттып, сұс көрсеткен деректердің қайсы бірі Серіктің пікірінен айқын сезіледі. Мәселен, «Ғаббас Төгжановтың сыншылық қызметіне қатысты Е.Әукебаевтің пікірлерін (ол С.Мұқанов, Г.Мұсірепов, М. Қаратаев пікірлеріне сүйеніп айттып) мен өз басым құптаймын. Ол – оте қайшылықты фигура» (240 бет). Қайшылықты қайраткер, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болған кезде Голошкениннің оң қолы болып, қазақ зияяларына күн көрсетпегенін, қазақта пролетариат әдебиеті жоқ, болмайды деген көзқарастағы сынши екенін осы кітапта талдай отырып, қалай дегенмен қазақтың алғашқы профессионал сыншысы болғанын, бірнеше кітап, жинақ шығарған дарын» депті. Менің бұл пікірім Есет ағай қарсы емес, алайда Ғаббастың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сынны» деген еңбегінің ызгарынан шошу басым. Совет дәүірінде Мағжанның аты аталса, бізге бір пәле төніп келе жатқандай шошынуыш едік қой.

Кітабымның өндіріске кетпей жатқанын айттып, жәрдем алайын деп Баспа комитетінің бастығы, бүгінгі филология ғылымдарының докторы, орысша-қазақша бірдей жазатын сынши Шерияздан Елеуkenовке бардым. Жылы қабылдай бастады, ойткені университете бір кезде оқып, Орталық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Имашевпен жолдас екендігімді ескерді ме, орнынан тұрып, мәдениеттілік танытқанынан үміттеніп қалдым.

– Ия, ия, жәй келмеген боларсыз? – деген соң Е.Әукебаевтан төрт жылдан бері көргенімді айтқанымда көзінен күлкі кетпеді. «Ия, ия, сонда неден секем алады» дегенде Ғаббас Төгжановты сынши ретінде танығысы келмейді, ал оның «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сынны» деген еңбегінің атынан да, затынан да шошиды деген кезімде орнынан тұрып кетіп. «Олар алашордашылар гой, әрине айтуга болмайды. Оларды насиҳаттауға жол бермейміз» деп едір еле қалғанын көріп, «Е, бар пәлені, ішкі литоны қүшешітіп отырған сен екенсің гой» деп, сөз таластырмай шығып кеткенім де есіме түсіп отыр.

Мынадай ұдықтасқан пікірлерді естіген соң Ғаббасқа арналған тараудың жартысына жуығын қысқартуыма тұра келді. Өйткені жылы лебіз білдіру былай тұрсын, Серікше айтқанда «Ғаббас еңбектерін тек тұрпай социологиялық сынга жатқызу жеткіліксіз. Оның социологиялық пікірлерінің ар жағында оңшылдық жататын. Ол ұтшылдықтың сойылын аз соққан жоқ» (240 бет) дегендерден құтқарып алу ете қын болды. Осындай түсінік Ғаббас байғұстың зерттелмеүіне, еңбектерін қайтадан жариялауга мұрсат бермей келеді. «Мектеп баспасында жетекші қызметтерді аткарып жүрген Лұқпан Асыловқа диплом жаздырып, мақала бастырып ем. Ол «жалқаулығын» сұлтава етіп, бастаған итілікті де сауапты істі аяғына жеткізбей қойды.

Ғаббас Төгжановтың жыры мұнымен біткен жоқ. Жалпы, кешегі құнді жазып отырған соң оған қатысқан адамдардың аты-жөні аталмай тұрмайды гой. Өзі анық білмейтін фамилиялардан Есет ағай қатты қорықты. Әуелі алаш, кейін совет қайраткерлері қызыл қырғынға үшырап, жұз он мың тұтқындалып, жыныма екі мыңды атылып кеткенінен хабары бар, бірақ анық түстеп білері аз ҮҚҚ майорына жан-жағы тольып тұрган «жая, алаш» болып көрінеді екен. Әйттеір таласып-тармасып Ғаббасқа байланысты 6-7 беттей ойымды өткіздім-ау.

Аты аталған, өзі білмейтін есімдерден шошытын мінез Серіктің «автор ма, әлде кітапты қысқартқан редактор ма, кейде тіпті өз атымен атауга да бармай жалтақтайды» (240 бет) дегені Халел Досмұхамедовтың «Казахская народная литература» деген

еңбекін атапнай қойғанынан тұган «жалтақтық» еді. Серіктін «мактамай да, таттамай да фактыны факт үшін айту айып емес» деген пікірі ішкі литоларымыз – баспа редакторларын ептел болса да жібітті. Сондықтан «Кітап – көп талқыдан өткен, коп қаралған еңбек. Ол жөнінде айта беретін де ештеме жоқ сияқты. Оның баспында дайын екендігі дау тұдымрайды» деп әдебиеттің бас литосы 1980 жылғы маусымда қорытынды жасағаннан кейін кітап өндіріске кетті деп ойлан қалмақыздар. Маган редактор болған ақын Есенбай Дүйсенбаев төрт жарым жылда, яғни 1981 жылдың 15 қыркүйегінде кітапты өндіріске тапсырды. 1981 жылы 9-желтоқсанда шығуга ұлықсат етілген кітапты орта жолда тағы біреулер жүлмалап қоймасын деп алғашқы да, енді қол тигізуге болмайтын подписьной корректурасын да озім қадағалап оқып, баяры жыныра баспа табақтан 11,7 гана колемі қалып. 1982 жылы 8000 данамен шықты.

Кітап дүкеніне тұсуін асыға күтіп жүрдім. Екі-үш дүкеншіге телефон соғып, «келді» деген соң тоқсан тыны тұратын кітабымның он шақтысын сатып алып, куана күшақтал үйге келдім. Баяғыдан бері кедергі жасап, бас редакторды шошыткан тұстарға коз салсам, көрінбейді. Қасқыр тартқандай не сөйлемі, не ойы шорт үзілген тұстарға тап болдым. Ишім үдай ашып, не істерімді білмей отырып түтегеді қайтадан оқып шықтым. Қай жерлерін қасқыр тартқанын көрсететін беттерді белгілеген кітабымды архивімнен таба алмай қор болып отырмын. Ал енді 224 бет болып шыққан еңбекімді қайтадан оқуға, сойтіп жұлынған жерлерін көрсетуге құлқым соқпай отыр. Өйткені бұл еңбек тәуелсіздік келгеннен кейін қатты ондеуте тұсіп, жогары оқу орындарының міндетті пәннен айналған «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деген оқулықтың екі-үш тарауы болып жұтылып кеткен-ді.

Бес жыл бойы азапқа салғанымен қоймай, мемлекеттің басқа баспасына дайын болған еңбектерімді ұсындырмай қойған-ды. Сол кезде баспа комитеті бір автордың жылына бір-ақ кітабын ғана шығаратын. Ебін тапқандар әрине осы бес жылдың ішінде екі-үш дүниесін шығарып та ұлгерген-ді. «Оңаша отауымды» құшактап, әділдік іздеуге кірістім. Бірден Орталық партия Комитетіне баруга жүрексіндім. Алдында бір барып, идеология жөніндегі хатшы Кәкімжан Қазыбаевқа «Мына баспа төңірегендегілерге өздері анық білмейтін адам аттары кездесетін болса, алашорда болған шығар деп үркеді. Заман түзеліп келе жатыр, солар Гитлерден де зұлым емес қой» деп айтқанымнан жаздым. Мен кеткеннен кейін ол қауіпсіздік мекемесіне алаш партиясына мүше, «Алашорда» үкіметі төңірегінде болғандардың тізімін жасатын, баспаларға таратып беріпті. Ол әрбір редактордың қолында болып, жасырын қарайтын. Ондаіды сол кезде де, кейін де талай сезіп, анықтап сұраганым бар. «Мүйіз сұраймын деп жүріп, құлагынан айырылыпты» деген осы болып, тарихты зерттеушілердің обалына қалдым ба деп секемденемін. Қорған азап бәрін еске түсіре береді екен, енді шетіністер жасамай «Оңаша отауым» әралайын.

Енді қайда барамын деп ойланғанда авторлардың хұқын қорғайтын мекеме бар еді гой, соған барайын деп кійіндім. Оның бастығы кеше ғана өзімізде оқып шыққан және өндіртіп сын жазып жүрген, «Лениншіл жас» газетінін сол кездегі редакторы Сейдахмет Бердіқұловқа біраз абырой әперген Сағат Әшімбаевқа баратын болдым. Сағат өзінің өткір де мәнді мақалаларымен ғана жарқ етіп корінбей, қызмет бабында да биікке өрлеп, екі-үш жылдың ішінде редактордың орынбасарлығына жеткенді. Сол тұста бір кездескенімде «биіктеген лауазым негізгі кәсіптен айырып тындыратын. Баяғыда Шолохов өнірі орден мен сыйылыш белгілеріне толы Константин Симоновқа не айтқанын ұмытпа!» деп әзіл-шыны аралас ой айтқаннан кейін коп ұзамай мекемеге ауысып кеткен-ді. Енді, міне, соған барып жәрдем сұрайын деп белді бекем будым.

Қазір қай жерде екенін білмеймін. Сағат отырганда М.Әуезов пен Киров көшелерінің қызылысындағы мекемеге бардым. Сағат жарқылдап қарсы алды. Есет Әукебаевтан қорғен қорлығымды жыр қылып айттым. Мұсіркеп отыр. «Қандай жәрдемің бар заң бойынша?» дегенімде «Мына жыртылған беттердің гонорарын төллеттірейін» деді. «Ойбай. Сағатжан-ау, мен саған ақша іздел келіп отырган жоқпын гой. Мына тапталған арымның есесін қайтаратын шараң бар ма деп келіп отырмын

ғой» дегенде салы суға кеткен адамдай «одан артыққа баратын бізде қауқар жоқ» деді.

— Тіпті ертіп барып қорқытатын милицеонерің де жоқ па?

— Жоқ ағасы. Дардай атымыз ғана ғой.

Ашуым жарты-ақ сағаттық, соным басылмай тұрганда Есептің өзімен сойлесейін деп Абай көшесіндегі баспалар үйіне таксилиетіп жеттім. Есет ағай орнында екен, есігін айқара ашып, іште тұрган кілтпен мықтап бекітіп жатқанымда Есет ағай орнынан тұра берді. Жасы үлкен болса да қазақшылап ай бір жібердім-ай кеп. Ағамда үн жоқ. «Осы жерде тас-талқаныңды шығарып, қан қылып кетейін бе?» деп ұмытыла бергенімде «Ой, Тұрынбек, саған не болды, не болды» деп аярланды, кітапқа жасаган «зорлығын», яғни бес жыл бойы айттысып-тартысып өткізген беттерді ешкімнің қол тигізуге құқы жоқ подписьной листен жүлдышып тастаганын ұмытқан адамдай мұләйімсіді.

Ашуымның жартысы қайтқаннан кейін қарсысындағы баспа директоры, өзіммен бес жыл бірге оқыған, осы ұзаққа созылған азап кезінде бірде-бір рет жәрдем сұрамаған Әбілмәжін Жұмабаевтың болмесіне кіріп, оған да іштегі зығырданымды қазақы жолмен жеткіздім. Діні қатты, тілі майда Әбілмәжін мені жыландай арбай бастады. «ЦК-ға барма бауырым, ботқаласым. Сенсіз де күйіміз күй емес, қарғам. Талай комиссия келіп, берекемізді қашырып жатыр. Ақшаның пәлесінің үстіне сенің мынауың қосақталса, онда біз құримыз. Тұрсеке, айналайын, бір ашуынды маган қиши осы жолы» деп жалынды. Бұл кезде ашуымның бар ызгары тарқап та ұлгерген еді. «Жарайды. Оңбағандар!» деп есікті қатты жауып шығып кеттім.

Мен қатты жапқанмен өздерінің экономикалық былықтары, директор мен бас редактордың қолтығына кіріп алып, ақшаны оңды-солды қалталарына сала берген бірнеше пысықай ақындар, қызметкерлер бір айға жетпей «Жазушы» баспасынан қуылды. Осының өзін місі тұттым да, сөз реті келіп қалған соң, Ғафу Қайырбековтің жетпіс жылдығын Филормания үйінде атап жатқанда алдыңғы қатарда отырған Есет ағайдың қытай құлқісі өткенді есіме түсіріп, жайсыздау ой айтқызып еді. Мұндайды айттып, жаза алмасақ неменеге жер басып жүрміз.

Өмірде қиястық көп екен ғой. Совет өкіметі құламай тұрып Горбачевтің қайта құруы басталып, коммунистік партияның айбары қайта бастаған тұста Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болған ұлтжанды Өзбекәлі Жәнібековтің белсene араласуымен алаш қозғалысы, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жұсіпбек, Шәкірімдер ақталағып, арқамыздағы саяси ауыр да абыроисыз жүк түсे бергенде шыққан сәтінде партия мен үкіметтің оң көзі ғана емес, қол шоқпары болған «Социалистік Қазақстан» газетінің 1990 жылы 26 шілдеде шыққан санында «Көрмейін десем көзім бар» деген атпен филологияғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішевке «Ашық хат» жарияланды. Қара дауыл кеше «Октябрь өркені» мен «Оңаша отау» кітаптарымды шығарал кезде соқса, енді теріс айналып, оң жақ бүйірімнен шығып, жерден жеті қоян тауып алғандаі бола қалыпты. Мақаланың авторы – Әмірхан Мендекеев. Кеше ғана өзім университете оқытып шыгарған түлегім, қазіргі белгілі журналист, «Жас Алаш» газеті редакторының бірінші орынбасары.

Қазақ көшілік қоймай сөйлемейді ғой. Осы ашық хатта оның мезіреті жоқ та емес. Кітаптарыңызды оқып «Еңбекқорлығыңызға, ыждақаттылығыңызға тәнтімін. Етек-жені мол пішілген әдебиетіміздің әзірге толық түгенделе қоймаған тарихын бүтіндеуге аса қажетті қайнар көздердің бірі – әдеби деректер, әдеби өмірбаяндар, әдеби маглұматтар десек. Сіздің қаламыңыздан туган дүниелерден осындағы бағалы дерекнамаларды мол ұшыратамыз. Әсіреле, 1917–1930 жылдардагы әдеби процестерге ат басын бұрган әдебиетшілеріміздің Сізге сілтеме жасамайтыны. Сіздің зерттеулеріңізден сүйеусөз келтіре кетпейтіні кемде-кем. Осы сараң мысалдың өзі-ақ Сіздің еңбектеріңіздің әдеби ортада лайықты ылтипатқа ие болғанын және бола беретінін айғақтан тұр ғой деп ойлаймыз» (Социалистік Қазақстан. 26 шілде, 1990 ж.) деп алады да, алашшылдарға, әсіреле Мағжанға байланысты айтқан, жазғандарымнан орысша, қазақша қатыл үзінділерді келтіріп, Сәкениң «Тар жол, тайғақ кешуін» неге қолпаштап, жақтай бересіз деген саулдар қояды.

«Мұраттану» айдарымен басылған алғашқы ашық хат маган арналған соң, тезірек жауап жазып ем, сол жылдың ең ақыргы күні, 29 желтоқсанда «Парасат бігінен көрінейік» деген мақаламды қинала отырып, редакциялық дәйектемен азгер басты. Осы ұзақ сонар әңгіменің ауқымында айтылатын ойлар болған соң және баяғыдан бері айтып-жазып келе жатқандарымның ешқайсысынан безбейтінімді мәлімдей отырып, 1990 жылғы жауабыма бір сөз қоспай Сіздерге ұсынайын деп отырмын. Жаңадан, бүгінгі күн ыңғайымен жазуды білмегендіктен емес, ұзақ өмірімде жасагандарымның бәріне жауапты екендігімді білдіреін деп әдейі көлтірмекпін. Мұның өзі біраз сырды ашар.

«Сіздердің «Мұраттану» айдарымен берген алғашқы ашық хаттарының маган жолданғанына (26.07.90) әрі қуанып, әрі қатты ойланып қалдым. Қуанған себебім – мұра десе бір пәлеге ұрынардай, кесепатқа кезігердей ылғи сырдандаумен келген және нақ осы мәселе де таптық көзқарастың бұрандасын сонау «Еңбекші қазақ» заманынан бері қатты бұраган, өзгелерге де бұратқызған партиялық газеттің қазактың рухани байлығына, откен-кеткеніне, әдебиет-мәдениет тарихына оң козімен қарамаққа ниеттенуінің өзі ігі құбылыс.

Шындықты айтсақ, қайта құру мен жариялышты бес жылдан бері жазып келе жатқанымызben «Социалистік Қазақстан» газетінде соңғы 7-8 айдың беделінде елді селт еткізер, жүртшылық көңіліне сөule түсірер материалдың шеті көріне баставағанына тәуба демеске болмайды. Мұз бұзылып, өзен бетіне қызыл су шыға бастағы, ал сенің арнаны кере жүрүі әлі алда. Өйткені тек бір мұра тоңірегінде бұлдіргеніміздің өзі шаш еткен. Оңайлықпен өткел бере қоятын проблема емес.

Алғашқы хаттың маган жолдануы да пәнделік тұрғыдан шүкіршілік айтқызады, себебі азды-көпті жасаған еңбегім елдің сана-сезімін оятуға септігін тиіп жатса, елеңіп жатса, арман не? Әрине, желге тұмсығын төсеп қойып мың құбылатын жазғыштар, майда тіл мен мадақ сөзге шеберлер, басқалардың сыбағасын үзіп-жұлып жеп, өзіне түсер олжа мен атақтыға ойлайтындар мұндайда қармаққа түспейді. Ілінбейді.

Ал қатты ойланған себебім, осындаі мәнді мәселені ертеден ойланып-толғанып, басын таута да, тасқа да соққан, уақыт теперішін көрген адамның жазбағаны өкініш. Мұндай қыны да дау-дамайы мол мәселенің үдесінен шығу үшін, халыққа, тарихқа, ғылымға пайда келтіру үшін «тісқаққаның» бастауы айрықша қажет еді.

Енді әңгіменің өзіне келейік: Әмірхан Мендерекеевтің, «Көрмейін десем көзім бар» деген мақаласының бар түйіні: Алаш қозғалысына, оның басшылары Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовқа, әсіресе өзінің керемет поэзиясымен сол қозғалысты ажарланған М. Жұмабаевқа қарсы 1962 жылдан 1988 жылға дейін неге пікір айттыныз, әр кітаптыңда «толықтыра тереңдете» дамытып отырганыңыз қалай деген сауалдар.

Сауалға мен де сұрақпен жауап берейін: 1917 жылдан 1988 жылға дейін алаш атаулыны мақтаған совет адамы, оның ішінде қазақ азаматы, партия баспасозі болды ма? Ресми қозқарасымыз қандай? Алаш қозғалысының бар шындығын, оған басшы болғандардың сыр құпиясын айттып, жазып отыргандар соңғы кезде көп пе?! Қыныр қарап отырган ғылыми-әлеуметтік мекемелер қазір аз ба?!

Бәрімізді жайлап кеткен індеттің сырьы, дағдарыстың шындығы СОКП-ның XXVIII съезінің шешімдерінде ашық та толық айттылды. Сондықтан дәлел келтіріп жатудың қажеті аз. Алайда тарихи откенге жаңы ашып, тіл безеген автор жауапсыз қалмауга тиіс.

Әрине, мен құралыптас және біздің өкшемізді басып келе жатқан қазақ әдебиетшілерінің басым көшілігі 30-50 жылдары қалыптасқан тұжырымдардың асынан шыға алмады және шығартпады.

Теперіштің қандай болғанын және шындықты қалай бүрмалағандарымызды көрсету үшін анау-мынауды емес, мүйізі қарағайдай, бәрін де өз басынан откөрген Мұхтар Әуезовті күелікке тартуға міндеттімін. Сонда қазір құпсіне орекпітіндерге тарихи тағылым болатын, қысынсыз дау-дамай, айқай-шудан аяқ тартуға септігі тиетін «мықты деректер» келтірейін.

«1917 жылдан бастап Мұхтар Әуезов 1932 жылға шейін ұлтшилдых ғағытта болды, пролетариат революциясы мен Совет өкіметіне қарсы құрес жүргізген

контрреволюцияны, ұлттық алашорда партиясының ықпалында болды. Біздің әдебиетімізге жат әдеби бағытта болды» («Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» 1949. 43- бет). Бұл 30 - 50 жылдардың ешбір өзгеріске ұшырамайтын, басқаша баяндауга болмайтын үкімі. XX съезд болып, оның жылымығы бізге жете бастаган кезде «М. Әуезовтің басындағы қауіпті қайшылық шиелінісе түсті. Ол қандай қайшылық еді? Ол ұлттық идеологияның Әуезов творчествасына бірнеше жыл шырмау болған зиянды ықпалы» еді (Қазақ әдебиетінің тарихы, III том, I-кітап. 1967. 441-бет) дедінді.

Ал М. Әуезовтің өз пікірлеріне келетін болсақ, онда әркім әр түрлі түсіндірмекке талаптанғанымен, 1932 жылға дейін «мен марксизмге қас болған адаммын» деген тұжырымды өзгертуге, түзетуге мүмкіндігі болғанымен, оны жасай алмағанын айтуда тиіспіз. Көркем шығармаларын бірнеше рет жөндең, редакциялағанымен 1932 жылғы «Ашық хатының» мән-жайын айтып түсіндіруге талаптанбағанына қайран қалуға болмайды. Өйткені жалпы жағдайды М. Әуезов жақсы білді де, ел көшкен дүрмекке данышпандық пенделікпен қосылып жүре берді.

Тарихи XX съезд ел-жүртқа «ұй» деп дем алғызып, Сәкен, Илияс, Бейімбеттер әдебиет тарихына қайтадан оралып, мәре-сәре болып жатқан кезімізде М. Әуезов «Октябрь өркені» деген тақырыпта 1957 жылы баяндама жасап, газет-журналдарға бастырды. Сонда «Зі қазақ сахарасында өскен... буржуазиялық ұлттыл... Жұмабаев ақынға оның туган өлкесі қорқынышты өлі дүние тәрізді сезіледі. «Дала, дала, сар дала, бейне өлік айнала» деп үзүіренеді. Немесе «Сар дала бейне өлік сұлап жатқан кебіндей әк селеулер бетін жапқан» дейді. Осылайша сахараны сөз етсе, талай рет өлім қүйін құлақ қүйдей қатар құнцірентеді. Бұл сарын оның шығармаларының арылмас дертіне айналған «сар ауру» болатын... Бұлар енбекші елдің талап-талайына залалды мистика жолына түсіп, әдебиеттің өсу бағытын теріске дұру талабында әрекет еткен ақындар болды» (М.Әуезов. 12-том. 170-171-беттер).

1959 жылы қазақ әдебиетінің проблемалары мәселелері жайында мәнді конференция өтті. Оны М.Әуезов қорытындылады. Әдебиеттандырылған «Әдебиеттандырылған мәселелерін санамалай келіп «Ал үшінші топ ақын-жазушылар – жоғары оку орындарының программасында да кірмейтін, шығармалары көпшілікке таратылмайтын көрттап реакцияшыл ақындар болды. Бұларға тек арнаулы үлкен монографиялар ішінде гана теріс бағытты мұралар есебінде сыншылдықпен әшкерлей бага беру шарт болады» (Сонда, 226- бет) деп тапқаны замана талабына үндес еді. М. Әуезов осылай деп жатқанда басқамызға не жорық! Сондықтан әркімнің алаш жөнінде не деп айтқандарын теріп жатудың еш қажеттігі жоқ. Өйткені біздің дүниетанымыздың осындағы қате тұжырымдар өзгермес қағидадай қалыптасқан болатын. Оларды бүтін ұяла, қызара окуымызға тұра келгенімен ешкімді кіналай алмаймыз.

Олай болса, газет редакциясы орынсыз дау-дамайға соқтыратын материалды берудегі мақсаты не екен? деп қатты ойланудамын. Өйткені қазақ үшін көбірек «таяқ» жеп жүргендердің бірі едім ғой деген ой көкейімнен кетпей, енді талай шындықтарды ерікіз айтқызының деп отыр.

ҚКП Орталық Комитеттің 1956 жылы 10 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінің қазақ тілінің тәғдіры жайында көтерген материалдары туралы қаулы алды. Сол қаулы «Социалистік Қазақстан» газетінің «Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік» деген редакциялық қос етек мақаласына айналғанда: «Қазақстанда қазақ тілі жөнінде бейне бір озбірлік болып отыр деген, қазақ еңбекшілерінің мүдделері мен тілектерін ескерушілік жоқ деген, шаруашылық салаларында қазақ тілін білмейтін мамандардың жұмыс істеуі қолайсыз деген, бейнебір «ұлттылдықпен» қорқытушылық және лениндік үлт саясатының принциптерін бұзушылық бар деген пікірлері дәлелсіз, әрі зиянды» деп табылып, «кеселді, зиянды пигылдар мен көзқарастардың шырмауында» жүргендердің бірі болып аталған едім. Өзімнің ел алдындағы парызымды орындаپ, бұл күндері өз ача тілін ұмытып барып ес жинай бастаған үрпағымның алдында арым таза екенине қуанышын және менен басқа біреу болса осыны жарнама жасап, талай рет күде солар еді ау жеп те шамалаймын.

1959 жылты республикалық конференцияда үлкө М. Әүезовтің «Қазақ совет әдебиетінің ең алғашқы адымының, үлтшылдықпен алысқан дәүрін лениндік эстетика жоюмын зерттеп жүрген Т. Қекішев жолдастын сөзі де әдебиет тарихын зерттеу жөніндегі бағалы, елеулі еңбек деп санаймын» (12 том, 216-217 беттер) дегеніне қарамастан, сол кездегі қызыл қоздер Қазақ ССРЫның академиясының Тіл және әдебиет институтының партия жиналышында Магжандарды сынай атағаным үшін «буржуазный объективизме салынушы» деп айдар таққанын қазақ әдебиеттегінде жүргендегін біразы біледі. Оナン кейін, 1961 жылғы әдеби жылдың қорытындысына жасаган баяндамамда «Қазақ әдебиетін» «Младописьменная литература лардың» қатарына қоспау жөнінде евроцентристік көзқарасты «достық ниетпен» насиҳаттаған З.С.Кедринаға қарсы айтқанымда «Социалистік Қазақстан» (17.03.61.) газеті (Ж. Жұмақанов) мен «Простор» (№6, 61-бет) журналынан (Мұхаметжан Қаратеев) көресінің көрген ем». Бұлар аз болғандай «Литературная газета» мен «Октябрь» журналынан да «сыбагамды» алғанмын.

Ол ол ма, қазақ әдебиеті сынының тууы Октябрьге дейінгі ұзақ толғакты процесте жатыр, оны зерттеуіміз керек дегенім үшін институттегі қылым. Сол пікірім қазір әбден орнығып, жогары оку орындарының міндетті пәннен айналды. Өзім жасаган программамен Қазақ университетінде лекция оқып жүргенімे жиырма шақты жыл.

Қазақ тарихын зерттеген адамдардың мәндайының соры бес елі. Арғыны қойып, кешегі Е. Ысмайылов, Е. Бекмаханов, К. Жұмалиевтардың сottалып, сottалмаганы жұмыстан қуылып жатқанын көзімізben көріп қана қоймай, оның біразын өз басымыздан өткеруге тұра келді. Тарихи шындықтарға негізделген кітаптарымның бірде-бірі литосыз, жогары орынсыз шығып көрген емес.

Ұшқыр қаламмен женіл-желпі жазыла салған мақалада ататын «Октябрь өркені» (Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәүріндегі идеялық творчестволық мәселелер. 1917-1929 ж.ж.) деген тұңғыш монографияның үстінен 1962 жылы арыз түсіп, оны өзі айдалып келген ірі жазушы қолдан, мені «жастай суалтпақ» болғаны, либо мен Орталық Комитет арасында алты ай сандалтып қойғаны қазір айтуға ғана он.ш. Сонда кітабыма тағылған негізгі айып алаштыларды аузыма алғаным, сынай отырып насиҳаттауды еді. Шығайын деп тұрған кітаптің төрт бетін жыртып, сол кез талаң еткен сөз жазып, баспахранаға қыруар айып төлегенімді үміту қынан. Егер менің ғылымда өз соқпағым бар болса, осында «сүреңнен» басталғанын еш үміттар емесін.

1971 жылғы «Сын сапары» (қазақ әдебиет сынының тууы хақында) деген монографиям да біраз «тепкіні» көрді. Оның жалғасы «Оңаша отау» (қазақ әдебиет сынының жанрлық қалыптасуы хақында) атты 1982 жылы жарық көрген кітабымның шын мәніндегі трагедиясы бұрынғының берін салуат еткізді. Бұл монография менің елу жылдығыма бағышталып 1977 жылы шығуға тиіс еді, бірақ «Жазушы» баспасының сол кездегі бас редакторы Е. Әүкебаев «Советтің қас жауы болған алашордашылардың шығармаларын талдатып, аттарын ататып насиҳаттада алмаймыз. Менде партбилетте, бас та біреу» деп бес жыл көлденең жатын алғанда, «Мынауың жөн емес» деуге ешкім жарамады. «Жалғыз ғана басы барды» олай түсіндіріп, былай түсіндіріп, әйтегір қолжазбаны баспаға өткіздік-ау. Кітап шықты, бірақ бес жылға «ермек болған» ариалыс тұстары менің келісімімсіз құзеттіліп шықты. Ондай қысастық дайындалып жатқанын білмей қалдым. «Авторлық правомды корғаныздар» деп ВАПП-қа да, Орталық Комитеттің сол кездегі хатшысына да бардым. Түк өнбеді, сонда халықтың «білімсіз адамнан өткен қорқақ болмайды» деген мақаладың дүрыстығына көзім әбден жетіп еді. Бұдан басқа «ұсақ-түйектер» толып жатыр, біздің есебімізден «саяси капитал», «даурықпа даңқ» жинағандар аз емес.

«Көрмеймін десем көзім бар» деп маған «жаны ашып амалсыздан» жазып отырған Ә. Мендеkeев 1985 жылғы «Дәуір дидары» кітабымнан үзінді алады да, ең соңғы мықты «соққыны» орыс тілінде 1988 жылы шықан «Поступъ» деген сынни зерттеу жинағыма бағыттайды. Ол кітап 1988 жылдың 30 тамызында шықты. Ахмет - Магжандар желтоқсанда ақталды. Қолжазба баспада ең азы 2-3 жыл «иленеттінің» білмейтін автор менің мақалаларымның соңында 1977, 1960, 1972 жылдар деп көрсетілгеніне пысқырып та қарамаған.

Долелмен баяндалған ойды елсірету үшін және озінің тезисін, яғни Магжанның «қыр соңына» түсіп алғанымды оқушының «көзіне көрсету» үшін менің «Әр дарынның тарихта оз орны бар» детен мақаламды үзіп-жұлып пайдаланған. Бұл мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің сол кездегі редакторы Шерханның қолына 1989 жылдың 7 шілдесінде тиғенмен «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының Қорытындысы» (10.12.89) шыққаннан кейін 1990 жылы 2 наурызда жарияланғанын білесін. Енді сол мақаладан цитатты үзіп-жұлып көтіріп, менің бетіме мөрді «шығтыртып» басуға ииеттенгенің қалай?

Мен енді өзімнен цитат көтіруге, үттізу болса да, мәжбүрмін. «Көркемдік шеберлігі шығандап биікке көтерілген Магжанның ақындық ізденістері, эстетикалық түсінігі молая түсken сайын өлеңдерінің идеялық нысанасына назар аударушылар көбейіп, әр шығармасын маралаттай мақтау немесе қаралай даттау процесі қатар жүріп жатты. Әрине, ақын үшін, оның творчествосы үшін бұдан артық бақыт жоқ. Елеусіз қалса, селт еткізбесе, жым-жылас болса, ақын үшін бұдан артық қасірет те болмас еді» дегенді қөрмей өтіп, «сол кездегі айғай-шу, айттыс-тартыс Магжанды ақын ретінде әр кез куандырып отырганың психологиялық түргыдан түсінуге болады» дегеніме жерден жеті қоян тапқандай қуанасың. Өз ойынды «дәлелдей» түсу үшін әрі қарай «Бірақ, Магжан осыны ұзак қызықтады, өмірдің ашы шындығына жақындаі бермеді. Тәніретіндегі тіршіліктің алып бара жатқан қарқының түсінуге құлыштанбады» деген ойымды көтіресің де, оның себебін айтқан жолдарды яғни «Бұған белгілі дәрежеде Ташкент пен Москвада көп журуі, өзі егіле жырлаған ел өмірін іштей бақылауга мүмкіндігі болмауы ақынды әрқиылға ізденіске салып отырганың байқатады» деген дәлелімді алып тастайсың да, «пенделешілік пигыл, ақындық өзімшілдік» дегенімді Магжанга жаны ашымайтынның сөзі деп түйесің де нәрі, сөлі жоқ сөзді боратасың.

Сені әдебиет тарихы мен теориясынан Зейнолла Қабдолов екеуміз дұрыстап оқытпағанымызға өкінгенмен де, дауылды құні корінген А. Плиев, Е. Сергеев, Е. Гангнус сияқты «пайғамбарлардың» соңына еріп кетті деп онша қиналып отырганым жоқ.

Сенің «дағдарысқа ұшыраған» қазақ әдебиеттану ғылымына қол үшін бермек болған «адал» ииетіңе, социалистік реализм әдісі жайындағы долбарларыңа шубам бар. Өйткені қазақтың тарихына, Едіге, Қенесары, «Қазақ ССР тарихына», есіресе алашқа байланысты көп қаулылар күшінен айырылмай түрганда қаламның ұшына іліккенді жаза беруге шақыруынды жән деп таппадым. Әрине, қаламды оңды-солды ойланбай сілтейтін, қаншама көпшіл қойсан да, бір институт атқарар істі бір адамға «жүктей» салу «шеберлігіңе» қарап пікір таластырудың орны жоқ екенін қөріп отырымын.

Алайда бір жайыды айтпай кете алмаймын. Әрине сен қаншама әрекеттенгенімен Социалистік Қазақстан газеті маркстік-лениндік дүниетанымынан көз жаза қояды деп ойламаймын. «Жогалған пышақтың сабы алтын еді», ешкім еш уақытта жаңылыс баспаған еді, айтқандары мен жазғандарының бәрі мұнтаздайды, бүгінгі өмір ешбір қындықсыз, тартыссыз орнай салған еді дегенге ешкім қол қоя алмайды. Тоқырау жылдарындағы жәреуке және дауықпальы мақалаларда жымысқылай таратылып келе жатқан жайыды ешбір қысыны жоқ болса да ауызға алып отырысың. Жаңа заманың дауылпазы Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» романы жайындағы ойларының төркіні маған таныс.

«С. Сейфуллин – оз артық-кемін өзі таразылай білген ірі тұлға» дегенді амалсыз айтасың да «Тұлек жүні түгел түсे қоймаған» құбатөбел пікірлері де аз кездеспейді. Қанша дегенмен «Тар жол, тайғақ кешүдің» негізгі тараулары 1922 жылы яки «тапқа жіктеудің» қарадүрсін, жергілікті «формалары» түтеп түрган кезде жазылады гой» деп үлкен айыптың шетін көрсетесің. 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдығына арнап жазған екі мақаласында «әділ, ақ-адал пікір айтқаны» үшін мүсіркейсің де, менің жазғандарымдагы «шынайы тарихи баға» мен «партиялық принцип» дегендерімді мансұқ етіп, бұларды оқушы жастарға ұсынып жүргеніңіз қалай деп кінә тағасын.

Мен мұндағы заманға аяқ басқанда бұрынғымыздың бәрін тас-талқан етіп, социалистік бағдарламадан бөзөміз деп кірістік пе, әлде тізгініне не бола алмай жүргендеге ойыца не келсе соны айтқызымыз деп кірістік пе? Парықтайдын кім болмақ?

Екінші, Сәкен Сейфуллиннің халық мактанды болып қадірлене құрметтелуіне кедергі жасау, тұмсалай беру жөнінде тоқырау кезінде жогарыдан нұсқау алғандардың «сарқытын» ішкен сияқтысың. Сәкенге байланысты сөздерінен «Түркістан жігіті, арқа азamatы, батыс пысығы» дегендердің шеті қылтияды...

Дау-дамайға дем беретін ашық хаттан кейін «Мұраттану» айдарымен Нармамбет ақын жайында онды материал бердініздер. Қазақ әдебиетінде Нармамбеттей атаусыз, сұраусыз кеткен дарындар өте көп. Жүзден асып жығылмаса, кем емес. Осыларды халыққа таныстырсақ, «СҚ» осы жөнінен үлгі көрсетсе рухани байлықты игеруде көсегеміз көгерер еді. Аға газетке парасаттылық, салиқалық жарасады».

Редакциялық дәйектеме, сөз жоқ, өздерінің позициясын қорғайтыны белгілі. Әрине, маган дәлелді болып көрінген жоқ. Бір аспирантың С.Мұқанов пен Қ. Кеменгеров екеуінің 20-жылдардағы айтысын зерттеуіне Сіз жел берген жоқсыз ба деп бір қояды да, «теперіштің қандай болғанын және шындықты көрсету үшін, – дейді Т.Кәкішев. – Мұхтар Әуезовті қүәлікке тартуга міндettімін» деп ақталтысы келеді. «Жұғнудің жөнін білсек, М.Әуезов – қүәлікке ғана емес, ләйім төбе билікке жүретін ұлы ұстаз кеменгер кеңесшіміз» деп бұрын жарияланбаган архивте жатқан құжаттар арасынан табылған деректерді көлтіріп, алаш қозғалысы ақталған 1988 жылдан кейін ғана газеттерде басылғандарымды елемей, М.Әуезовтің «1957 жылы жасаған, дұрысырақ айтқанда, жасатқызыған саяси-науқандық баяндамасынан алып отыр» («СҚ» 29.12.1990), осыны «қуәлік ретінде «кәдеге» жаратып жүрсек, бұл да қазақ әдебиеттануының үлкен кемшилігі, кешен қалып келе жатқандығы» деп тұқыртты.

Совет заманында 1962 жылы басталып, 1990 жылы бір тиянакқа жетпей, яғни менің алаш қайраткерлеріне, әсіресе Магжанға козқарасымның «қатаандығы», партиялық саясаттан шыға алмағандығым қаншама сөз болғанына қарамай, 1960 жылы Есмамбет Ысмайловтың мені сын жанрын зерттеуге «зорлаганы», еркіншің осы салаға байлан қоюына бүтін ризалық сезімімді білдірмекпін.

Осындай қорлық-зорлықпен шыққан «Октябрь оркені» мен «Оңаша отауым» біраздан кейін, яғни 1994 жылы «Қазақ әдебиеті сыйнының тарихы» болып Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің шешімімен оқулығына айналды. Ал оның бағдарламасын «Оңаша отау» шығатын 1982 жылы жасап, жогары оку орындарына таратып жібергенмін. Азаппен жасалған еңбектің ел қадесіне жарап, әр окушының қолында жүргенмен артық қандай бақыт барын білмеймін. Осындай шаттандып жүргенде заң ғылымдарының докторы, министр де болған, бұл күндері Қызылорда облысының әкімі Мұхтар Құл-Мұхamed әлі корпорация дәрежесіне жете қоймадан, министрлер үйінің түкпіріндегі бір кішкене болмесінде «Атамұра» баспасының бас директоры болып тұрғанда «Кер заманның керегар ойлары» деген аты үшін кітабымды жиырма мынданамен шыгарып, әйелім қайтыс болып жатқанда қаламақысын үйге әкеп бергенін де ұмытар емеспін.

2007 жылы жасым сексенге толғанда «Саңлақтар» («Ана тілі» баспасы, директоры Жақау Дауренбеков), өзімнің «Қазақ университеті» баспасы (директоры Әлібек Наурызбаев, редакторы Ағила Шүрекеева) үш том болатын «Сын мен сыйныш» сериясының бірінші кітабы – «Жанр жайланау» жинағымды, библиографиялық көрсеткішімді, осыған үстемелетіп маған багышталған ғылыми конференцияның материалдарын «Фибаратты ғұмыр» деген атпен үш кітап шыгарып берді.

Өзім үшін орасан зор абырай мен азапты алып келген «Октябрь оркенім» бас болып 40 кітабым, тоғыз жүздей мақалаларым жарияланып, енді 15 томға сыймай жатқан шығармалар жинағым шығайын деп жатыр. Тәуба!